



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдын  
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Егемендіктің  
екінші тынысы



Жанам деген жүректерге  
от берген



Жеңіске  
жетелеген  
жігер



2-бет

6-бет

8-бет

## Серіктестік серпіні

Бүгінде еңбек нарығындағы түйткілді түйінді тек дипломы бар мамандар тарқата алмайды. Жұмыс берушілер тәжірибесі бар, кәсіби дағдысы қалыптасқан жас кадрларды талап етеді. Сондықтан, жастарды тек теориялық біліммен ғана емес, нақты өндірістік тәжірибемен де даярлау маңызды. Осы қажеттілікті өтеуде колледждер мен кәсіпорындар арасындағы байланыс ерекше маңызға ие болып, дуальды білім беру жүйесі кенінен енгізілуде.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Білім басқармасының мәліметінше, Қарағанды облысында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі тұрақты дамып келеді. Өңірде бүгінде 51 колледж жұмыс істейді. Оның 35-і мемлекеттік, 16-сы жекеменшік оқу орындары. Бұл білім беру ұйымдарында 126 мамандық және 178 біліктілік бойынша кадрлар даярланады. Қазіргі уақытта облыс колледждерінде 33 647 студент білім алууда. Оның 26 305-і мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқыса, 7 842 студент ақылы бөлімде оқып жатыр. Сонымен қатар, кәсіпорындардың нақты сұранысы бойынша жұмысқа орналастыру міндетімен 1310 студент білім алууда. Бұл көрсеткіштер өңірдегі техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің еңбек нарығының қажеттіліктеріне бейімделе дамып келе жатқанын көрсетеді.


Колледждер мен кәсіпорындардың өзара ынтымақтастығы студенттердің сапалы білім алып, практикалық дағдыларды меңгеруіне кең мүмкіндік береді. Жұмыс берушілер оқу бағдарламаларын әзірлеуге қатысып, өндірістік тәжірибе-



лерді ұйымдастыруға қолдау көрсетеді. Мұндай серіктестік студенттердің нақты өндірістік ортада тәжірибе жинақтауына және болашақ мамандығын іс жүзінде меңгеруіне ықпал етеді. Нәтижесінде түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндігі артып, кәсіпорындар қажетті білікті кадрлармен қамтамасыз етіледі. Өңірде дуальды білім беру жүйесі де белсенді түрде енгізіліп келеді. Дуальды білім беру – студенттердің теориялық білімді кол-

леджде алып, практикалық дағдыларды кәсіпорын базасында меңгеруіне негізделген оқыту моделі. Қазіргі уақытта Қарағанды облысында 37 колледжде дуальды оқыту жүйесі жүзеге асырылып, оған 8 132 студент қатысуда. Сонымен қатар, 473 кәсіпорынмен келісімшарт жасалған. Бұл жүйе студенттердің оқу барысында өндірістік тәжірибе жинақтап, еңбек нарығына дайын маман болып шығуына мүмкіндік береді. Қарағанды облысы

индустриялық өңір болғандықтан, еңбек нарығында техникалық және өндірістік бағыттағы мамандықтарға сұраныс жоғары. Атап айтқанда, энергетика, құрылыс, дәнекерлеу ісі, өнеркәсіптік өндіріс, инженерлік және IT бағытындағы мамандарға қажеттілік артып келеді. Өңірдегі ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың дамуы, жаңа өндірістердің іске қосылуы және инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылуы осы салалардағы ма-



### РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

мамандарға деген сұранысты арттырып отыр. Осыған байланысты колледждерде аталған бағыттар бойынша кадр даярлауға ерекше көңіл бөлінуде, – деді білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Гүлдана Нұрсұлтан.

Басқарма дерегінше, 2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша облыстағы колледждерді 9 028 жас маман тамамдаған. Бүгінде олардың 6 230-ы, яғни шамамен 69 пайызы бірден тұрақты жұмысқа орналасқан. Оның ішінде 4 407 түлек өз мамандығы бойынша еңбек етуде. Бұл оқу бағдарламалары мен өндіріс талаптарының өзара үйлесімді екенін көрсетеді. 409 түлек жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруды немесе әскери қызмет атқаруды таңдаған. Ал, 218 түлек шетелде тәжірибе жинақтауды жөн көрген. Қазіргі уақытта 2 145 түлек жұмыс іздеу үстінде. Жалпы алғанда, өңірдегі колледж түлектерінің басым бөлігі еңбек нарығында сұранысқа ие болып, облыстың кадрлық әлеуетін нығайтуға өз үлесін қосып отыр.

Студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуіне де кең мүмкіндіктер қарастырылған. Колледждер мен кәсіпорындар арасында жасалған келісімшарттар негізінде студенттер өндіріс орындарында тәжірибеден өтеді.

► 5-бет

РЕСМИ

### Радиациялық ақпарат алмасу келісімін бекітті

Кеше Мәжілістің жалпы отырысында «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің радиациялық жағдай мониторингін деректерімен алмасу кезіндегі өзара іс-қимылы туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң қабылданды.

Қазіргі уақытта министрлікке қарасты «Казгидромет» ұлттық қызметі еліміздің барлық өңірінде орналасқан селителік аумақтарда бета-белсенділікті және гамма-сәулелі өлшеу арқылы радиациялық фон деңгейіне мониторинг жүргізеді. Бұл ретте, еліміздің географиялық орналасуын ескеріп, ТМД елдерінің аумағында радиациялық мониторинг деректерімен алмасудың бірінші тегінін енгізу – цифрлық заманның өзекті талабы, – деді Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев.

Спикердің айтуынша, ұсынылған келісім жобасына сәйкес, көршілес мемлекеттерге еліміздің мемлекеттік радиациялық мониторинг жүйесінен алынатын деректер ғана беріледі. Бұған қоса келісімді іске асыру барысында нормативтік-құқықтық актілердің қабылдануы қажет етілмейді.

Өз тілшімізден

## Кен барлау ісіндегі кемел жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев тапсырмалары аясында геологиялық барлау саласындағы 20 жобаны қаржыландыруды мақұлдады. Жаңа бастамалар, ең алдымен, минералдық әлеуеті жоғары Қарағанды облысы үшін маңызды серпін беріп, өңірдің өндірістік және инвестициялық кенересін кеңейтеді.

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жер қойнауын терең зерделеу әрі еліміздің минералдық-шикізат базасын толықтыру жөніндегі стратегиялық тапсырмаларын іске асыру аясында Қазақстан Республикасының Үкіметі нақты қадамдарға көшті. Биыл Үкімет резервінен кешенді геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге 40,7 млрд теңгеден астам қаражат бөлу туралы тиісті шешім қабылданды. Атаулы қаулыға Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ол-



жас Бектенов қол қойды. Қомақты қаражат Қазақстан аумағындағы жаңа кен орындарын анықтауға, жер қойнауының әлеуетін ғылыми тұрғыдан бағалап, жаңа минералдық ресурстар қорын қалыптастыруға бағытталмақ. Геологиялық барлау жұмыстары қазіргі заманғы

зерттеу әдістерін қолдана отырып жүргізіліп, пайдалы қазбалардың жаңа көздерін табуға теңдессіз мүмкіндік береді.

Бірақтар сарапшылардың айтуынша, мұндай ауқымды инвестиция елдің минералдық-шикізат базасын кеңейтіп қана қоймай,

тау-кен және металлургия саласының ұзақ мерзімді дамуына берік негіз қалайды. Сонымен қатар, жаңа жобалар өңірлердің экономикалық белсенділігін арттырып, өндірістік инфрақұрылымның дамуына және жаңа жұмыс орындарының ашылуына жол



### ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

ашады. Жалпы алғанда, геологиялық барлау саласына сарп етілер қаржылық қолдау – еліміздің ресурстық әлеуетін тиімді пайдалану саясатының заңды жалғасы. Аталған бірегей бастамалар ел экономикасының тұрақты өсуіне соны серпін беріп, табиғи байлықтарды ғылыми негізде игеруге арналған жүйелі мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігіне айналмақ.

Бөлінген қаражат ауқымды геологиялық зерттеу жұмыстарына жаңа деңгейге көтереді. Атап айтқанда, екінші буынды (ГС2-50) геологиялық түсірілімнің 20 ірі жобасын іске асыру жоспарлануда. Межеленген жұмыстардың жалпы қамту аумағы шамамен 100 мың шаршы шақырымды құрайды. Өрбір геологиялық учаскенің орташа ауданы 5 мың шаршы шақырым шамасында болмақ. Мұндай кең ауқымды зерттеу жұмыстары еліміздің минералдық-шикізат базасын толықтыруға, үр жаңа кен орындарын анықтауға және табиғи ресурстарды тиімді игеруге мейлінше септеседі.

► 5-бет

# «Әрбір дауыс ел болашағын айқындайды»



# Егемендіктің екінші тынысы



**Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев 15 наурызда өтетін жалпұлттық референдумға байланысты өңір тұрғындарына үндеу жолдады. Бейнеформатта жарияланған үндеуде аймақ басшысы бұл саяси науқанның елдің болашағын айқындайтын маңызды кезеңдердің бірі екенін атап өтті.**

Облыс әкімінің айтуынша, референдум – әр азаматқа мемлекет дамуының келешек бағытына ықпал етуге мүмкіндік беретін маңызды демократиялық құрал. Сондықтан, әр тұрғынның дауыс беру арқылы өз азаматтық ұстанымын білдіруі қоғам үшін айрықша мәнге ие.

Ермағанбет Бөлекпаев өз сөзінде жаңа Конституция жобасының маңызына да тоқталды. Оның пікірінше, құжат елдің қазіргі ішкі қажеттіліктеріне жауап беріп қана қоймай, әлемдік деңгейдегі өзгерістер мен сын-қатерлер жағдайында мемлекет тұрақтылығын сақтауға бағытталған.

– Конституция – кез келген мемлекеттің құқықтық негізін қалыптастыратын басты құжат. Ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын айқындап қана қоймай, қоғам мен мемлекет арасындағы жауапкершіліктің тепе-теңдігін қамтамасыз етеді. Сондықтан, референдумға қатысу – ел болашағына бейжай қарайтын әрбір азаматтың қастерлі парызы, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы сондай-ақ, референдумға қатысқан әрбір адамның таңдауы мемлекеттің алдағы дамуына ықпал ететінін атап өтті. Оның айтуынша, ел тағдырына қатысты маңызды шешімдер қабылданып отырғанын белсенділікпен ерекше маңызды.

Бейнеүндеуде Қарағанды өңірінің еңбек дәстүріне де назар аударылды. Арқа жұртшылығы ежелден еңбекқорлығымен, өндіріс пен ғылымды қатар дамытқанымен танылған. Металлургия, кеншілер, инженерлер мен түрлі сала мамандары қалыптастырған еңбек мектебі аймақтың қоғамдық өмірінде ерекше орын алады.

Ермағанбет Бөлекпаев осы тарихи дәстүрге сүйене отырып, өңір тұрғындары ел тағдыры шешілетін маңызды сәтте де азаматтық белсенділік танытады деген сенім білдірді.

– Арқа өңірінің халқы әрдайым елдік мүддені жоғары қоятын, жауапкершілікті сезінетін қоғам екенін талай мәрте дәлелдеді. Сондықтан, алдағы референдумда да тұрғындар өз таңдауын жасап, мемлекет дамуына үлес қосады деп сенемін, – деді өңір басшысы.

Айта кету керек, 15 наурызда өтетін жалпұлттық референдум – елдің саяси жүйесін жаңғыртуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі. Бұл күні Қазақстан азаматтары Конституцияға енгізілетін өзгерістер бойынша өз пікірін білдіріп, мемлекет дамуының келешек бағытына қатысты шешім қабылдауға қатысады.

Өз тілшімізден

«AMANAT» партиясының облыстық филиалында «Жаңа Конституция: Қазақстанның болашақ институционалдық архитектурасындағы өңірлердің ролі» тақырыбында ғылыми және сараптамалық қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелде ғылыми және сараптамалық қауымдастық өкілдері жаңа Конституцияны талқылап, оның Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуына және өңірлердің рөліне ықпалы туралы пікір алмасты. Қатысушылар конституциялық реформаның негізгі бағыттарының саралап, мемлекет дамуының жаңа кезеңіндегі өңірлердің маңызын атап өтті.

**Жәлел ШАЛҚАР**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдағы республикалық референдум аясында Қазақстанның қоғамдық-саяси жүйесін жаңғырту, мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейту бағытындағы бастамалар басты назарда болады.

Дөңгелек үстел жұмысына мемлекеттік органдардың өкілдері, ғылыми және сарапшылық қауымдастық мүшелері, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, жоғары оқу орындарының өкілдері мен жастар ұйымдарының мүшелері қатысты.

Жиынды ашқан облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жаңа Конституция елдің қоғамдық-саяси дамуының жаңа кезеңіне бастайтын маңызды құжат екенін атап өтті. Оның айтуынша, конституциялық реформа мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртып қана қоймай, өңірлердің ұлттық саясатты қалыптастырудағы ролін күшейтуге мүмкіндік береді.

– Жаңа Конституцияның негізгі қағидаты – адамға бағдарлану. Яғни басты назарға адам және оның қажеттіліктері қойылады. Бұл – атқарушы билік жүйесіне, оның ішінде, өңірлік әкімдіктерге қойылатын нақты талап. Біздің индустриялық-технологиялық өңір үшін негізгі заң жобасының кіріспесі мен баптарында бекітілген жаңа идеологиялық ұстанымдардың маңызы зор. Олар – еңбекқорлық, прогресс, білім құндылықтары және жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Жаңа Конституция жұмыспен қамту, цифрландыру, қоршаған ортаны қорғау және адами капиталды дамытуға бағытталған ұзақ мерзімді бағдарламаларды тұрақты қолдаудың бұрын-соңды болмаған құқықтық негізін қалыптастырады, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Жаңа Конституцияның негізгі міндеттерінің бірі – құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайту және азаматтардың құқықтарын қорғау кепілдіктерін күшейту. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты төрағасының орынбасары Жақып Асанов сот жүйесін дамыту және соттардың тәуелсіздігін күшейту мәселелері туралы айтты.

Жақып Қажманұлы конституциялық реформаның мәнін «Қолданыстағы Конституция мен жаңа Конституцияның айырмашылығы неде?», «Бізге дәл қазір не үшін жаңа Конституция қабылдау қа-



жет?», «Жаңа Конституция қабылданса, сот пен құқық қорғау жүйесі қалай өзгереді?» деген негізгі үш сұрақ төңірегінде түсіндірді. Айтуынша, 1995 жылғы Конституция тәуелсіздігін енді алған жас мемлекеттің қалыптасуына қызмет етті. Ал, жаңа Конституция елдің мыңжылдық тарихы бар екенін, Ұлы Дала өркениетінің мұрагері екенін айқындап, тәуелсіздік пен жер тұтастығын өзгермейтін басты құндылық ретінде бекітеді.

Жақып Асановтың пікірінше, жаңа Конституция қабылдаудың басты себебінің бірі – заман талабына сай жаңа құжаттың қажеттілігі.

– Егер Конституция заман көшінен

Қарағанды индустриялық университетінің Басқарма төрағасы – ректоры Бақыт Жауғитов университеттік орта мен ғылыми қауымдастықтың жаңа саяси жүйені интеллектуалдық тұрғыдан сүйемелдеудегі маңызына тоқталды. Оның пікірінше, академиялық орта азаматтық мәдениетті қалыптастыруда, сараптамалық талдау жүргізуде және жаңа қоғамдық-саяси институттар үшін кәсіби кадрлар даярлауда маңызды рөл атқарады.

Ал, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің заң қызметі департаментінің директоры Серік Беркамалов



жалпы қойса, бұл мемлекет үшін ең қауіпті жағдайға айналады. Өйткені, Конституция – дәуірдің тілі, қоғамның айналымы. Айна ескі болса, бүгінгі шындықты көру қиын. Ал, шындықты көрмеген мемлекет ертең дұрыс шешім қабылдай алмайды, – деді ол.

Сондықтан, жаңа құжат қазіргі геосаяси жағдайды, қоғамдағы өзгерістерді және ұлттық қауіпсіздік мәселелерін ескере отырып дайындалған.

Бұдан бөлек, жаңа Конституция сот және құқық қорғау жүйесінде азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған. Атап айтқанда, адамды тек өз мойындауы негізінде соттауға тыйым салу, ұсталған сәттен бастап адвокат көмегіне жүгіну құқығын қамтамасыз ету, судьялардың тәуелсіздігін нығайту және құқықтық кепілдіктерді арттыру секілді маңызды нормалар қарастырылған. Бұл өзгерістер қоғамда заң үстемдігін күшейтіп, сот жүйесінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен қатар, іс-шара барысында

азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаудың құқықтық тетіктерін жетілдіру мәселелеріне тоқталып, еңбек заңнамасын жаңғырту әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің маңызды факторы екенін атап өтті.

Экологиялық тұрақтылық мәселелері де назардан тыс қалған жоқ. «Электр энергетикасын және энергия үнемдеуді дамыту институты» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі, басқарма төрағасы Елдос Абақанов экологиялық жауапкершілік пен тұрақты даму бастамаларының маңыздылығына тоқталды. Мәлімдеуінше, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен энергия тиімділігін арттыру – қазіргі заманғы мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі.

«AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков жаңартылған саяси архитектура жағдайында партиялық жүйені дамыту мәселесіне назар аударып, саяси партиялардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыру және азаматтардың саяси үдерістерге белсенді қатысуын

қамтамасыз ету маңызды екенін айрықша атап айтты.

Гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі облыс әкімінің штаттан тыс кеңесшісі Айжан Қиясова өз сөзінде жаңа Конституцияның отбасы институтын нығайтудағы және гендерлік теңдік қағидаттарын дамытудағы рөліне тоқталды. Оның айтуынша, отбасылық құндылықтарды қолдау мен әйелдер мен ерлердің тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету қоғамның тұрақты дамуына негіз болады.

Ал, Қазақстан Халық партиясының облыстық филиалы төрағасының орынбасары Ерболат Закиров жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігіне ерекше тоқталды. Ол Әділетті Қазақстанды құру жолында жастардың бастамалары мен идеялары маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Дайындап келген Қарағандының болашағы жөніндегі болжамды бейнежазбасын ел назарына ұсынды.

– Жастар – кез келген мемлекеттің болашағы. Сондықтан, олардың қоғам өміріне белсенді қатысуы, ел дамуына өз үлесін қосуы аса маңызды. Жаңа реформалар жастар үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашатыны сөзсіз, – деді ол.

Дөңгелек үстел барысында қатысушылар конституциялық реформаның маңызын кеңінен талқылап, қоғамдық

диалогты дамыту және сарапшылық пікір алмасуды күшейту қажеттігін баса айтты. Сарапшылардың пікірінше, өңірлердің бастамалары мен ұсыныстары елдің жаңа институционалдық архитектурасын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады.

Шара қорытындысында қатысушылар конституциялық реформаны сарапшылық тұрғыдан қолдау, қоғамдық диалогты нығайту және Қазақстанның жаңа қоғамдық-саяси жүйесін қалыптастыру үдерісіне өңірлердің белсенді қатысуы маңызды екенін атап өтті.

Сарапшылар мен қоғам өкілдерінің ортақ ой-пікірлері жаңа Конституция Қазақстанның демократиялық даму жолын нығайтып, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімді арттыруға, сондай-ақ, өңірлердің әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді деген мәмілеге тоқайласты. Яғни, санаулы күндерден кейін Егемендіктің екінші тынысы ашылды.

Суреттерді түсірген **Жангелді ӘБДИГАЛЫМ**

## • ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

# Жарық жүйесі жаңғыртылуда

Электр энергиясы – экономиканың да, күнделікті тұрмыстың да ажырамас тірегі. Өндірістің дамуы, қалалардың өсуі және халықтың жайлы өмірі ең алдымен, сенімді энергетикалық инфрақұрылымға байланысты. Осы бағытта Қарағанды облысында электр желілерін кезең-кезеңімен жаңғырту жұмыстары жалғасын жатыр.

Облыс әкімдігінің баспасөз қызметінің мәліметінше, өңірде электр желілерін жаңарту инвестициялық бағдарлама аясында кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Жобалардың басты мақсаты – электр желілерінің тозуын азайтып, жүйені тұрақтылығын арттыру, сондай-ақ, апаттық ажыратулардың санын қысқарту.

«Қарағанды Жарық» ЖШС мәліметінше, ірі жобалардың бірі – 110 кВ «ГПП-1 – Саран» әуе электр желісін қайта жаңғырту. Ұзындығы шамамен 45 шақырымды құрайтын бұл магистральдық желі өңірдің электр жүйесінде маңызды рөл атқарады.

Жоба 2023 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Қазіргі уақытта желі бойындағы тіректер кезең-кезеңімен жаңартылып, электр сымдары күшейтілуде.



Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Жаңғырту жұмыстары 2027 жылға дейін жалғасады деп жоспарланған.

Аталған жобаны іске асыру магистральдық электр желілерінің жүктемелеріне және қолайсыз ауа райы жағдайларына төзімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Инвестициялық бағдарлама аясында тағы бір маңызды жоба – «Саран» қосалқы станциясының шығатын 6 кВ кабель желісін қайта жаңғырту. Бұл желі Угольный, Дубовка және 106-шахта кенттерін электр энергиясымен қамтамасыз етеді. Жоба барысында тіректер мен электр сымдары толық ауыстырылып, желінің техникалық сипаттамалары жаңартылуда.

Жаңғырту нәтижесінде электр энергиясының техникалық шығындары азайып, жүйені сенімділігі айтарлықтай артады. Электр инфрақұрылымын жаңарту жұмыстары тек магистральдық желілермен шектелмейді. Өңірдегі елді мекендерде де тарату желілері кезең-кезеңімен жаңартылып жатыр.

Атап айтқанда, Қарағанды қаласының Пришахтинск бөлігіндегі Финский кентінде және 2-кент аумағында 6-0,4 кВ электр желілерін жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

2-кент аумағында бұрынғы әуе желісі заманауи кабельдік желіге ауыстырылды. Сонымен қатар, ескі электр сымдары оқ-

шауланған жаңа сымдарға алмастырылып, трансформаторлық қосалқы станциялар жаңартылып жатыр. Бұл жұмыстардың нәтижесінде 900-ден астам тұрғынның электрмен жабдықтау сапасы жақсарды.

Қарағанды қаласының Оңтүстік-Шығыс бөлігінде тағы бір маңызды инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылуда. Мұнда «Болашақ» жаңа қосалқы станциясының құрылысы жүргізіліп жатыр.

Жаңа нысанды пайдалануға беру өңірдің энергетикалық жүйесінде қосымша қуат резервін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, электр жүктемесін теңдей бөлуге жағдай жасап, қаланың жаңа тұрғын кварталдары мен кәсіпкерлік нысандарының дамуына инфрақұрылымдық негіз болады.

Облыста электр желілерін жаңарту жұмыстары 2025-2029 жылдарға арналған инвестициялық бағдарлама аясында жалғасады.

Жалпы алғанда, энергетикалық инфрақұрылымды кезең-кезеңімен жаңғырту өңірдегі электрмен жабдықтау жүйесінің сенімділігін арттырып, тұрғындар мен өндіріс орындары үшін тұрақты әрі сапалы электр энергиясын қамтамасыз етуге бағытталған.

Өз тілшімізден

# «Азаматтар өз таңдауын 637 учаскеде жасайды»



15 наурыз күні өтетін референдум – еліміздің саяси дамуы мен қоғамдық келісімін нығайтатын маңызды кезеңнің бірі. Бұл – әр азаматқа өз таңдауын жасап, мемлекет болашағына қатысты шешім қабылдауға қатысуға мүмкіндік береді. Мұндай саяси оқиғалар халықтың азаматтық белсенділігін арттырып, қоғамдағы жауапкершілік пен бірлікті нығайта түседі. Референдумға дайындық туралы егжей-тегжейлі білу мақсатында Қарағанды облыстық референдум комиссиясының төрағасы Қайрат Нұркеновпен әңгімелескен едік.

– Қайрат Қаршығаұлы, алдымен облыстағы дайындық жұмыстарының жалпы жағдайына тоқталсаңыз...

– Облыс аумағында республикалық референдумды ұйымдастыру және өткізу жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүзіліп жатыр. Қазіргі таңда ұйымдастырушылық, құқықтық және техникалық дайындықтың негізгі кезеңдері аяқталды. Комиссиялар референдумға бағытталған қорытынды жұмыстарды жүргізіп жатыр.

Облыс бойынша референдумды өткізуге арналған 651 комиссия (14 – аумақтық (1 облыстық, 13 аудандық/қалалық), және 637 – учаскелік) толық құрамда жұмыс істейді. Учаскелердің орналасу орны анықталып, қажетті материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуде. Сонымен қатар, тізімдерді нақтылау, азаматтарды ақпараттандыру және учаскелік комиссия мүшелерін оқыту жалғасын жатыр.

Өңірде референдумды заң талаптарына сәйкес ұйымдастыру үшін барлық қажетті шаралар қабылданды.

– Жұырда облысқа Нұрлан Әдіров бастаған республикалық комиссия өкілдері келіп, бірқатар учаскені аралап көрді. Бұл сапар барысында қандай мәселелер көтерілді? Қандай ұсыныстар айтылды?

– Ия, Нұрлан Мәжитұлының сапары барысында басты назар референдумды ұйымдастыру мен дауыс берге қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселелеріне аударылды. Комиссия төрағалары мен аппарат қызметкерлерімен кездесулерде учаскелердің материалдық-техникалық жабықталуы, мүгедектігі бар азаматтарға қолжетімді жағдай жасау, дауыс берушілерді ақпараттандыру жұмыстары талқыланды. Сонымен қатар, референдум комиссияларының жұмысын жетілдіру, әрбір үйге QR-кодды бар жеке шақыру билеттерін жеткізу, заңдылық пен ашықтықты сақтау бойынша нақты ұсыныстар берілді.

– Облыс бойынша жалпы қанша референдум учаскесі жұмыс істейді? Өңірде дауыс беруге құқылы азаматтардың саны қанша?

– Облыс бойынша барлығы 637 референдум учаскесі жұмыс істейді. Олардың ішінде, азаматтардың уақытша болатын орындарындағы арнайы учаскелер де бар.

Өңірде дауыс беру құқығына ие азаматтардың жалпы саны 757 мыңнан астам адамды құрайды. Бұл көрсеткіш жергілікті атқарушы органдар ұсынған деректер негізінде қалыптастырылған референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдеріне сәйкес анықталды.

– Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың дауыс беруіне қандай жағдай жасалған?

– Қарағанды облысында мүмкіндігі шектеулі азаматтардың дауыс беру құқығын қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінуде. Облыстағы учаскелердің басым бөлігі қолжетімділік талаптарына сәйкес жабықталған. Көптеген учаскелерде пандустар орнатылып, тактильді көрсеткіштер мен арнайы дауыс беру кабинеттері қарастырылған.

Сонымен қатар, облыс бойынша 140 инватаксі қызметі ұйымдастырылып, қажет болған жағдайда азаматтарды учаскелерге жеткізу жұмыстары жүргізіледі. Есту қабілеті бұзылған азаматтар үшін онлайн форматта 74 сурдоаудармашылар қызметі ұсынылады.

Ал, денсаулық жағдайына байланысты учаскеге келе алмайтын азаматтар үшін үйден дауыс беру мүмкіндігі қарастырылған. Ол үшін азаматтар учаскелік комиссияға алдын ала (15 наурыз сағат 12:00-ге дейін) өтініш береді. Комиссия мүшелері арнайы тасымалданатын жәшікпен барып, дауыс беру рәсімін ұйымдастырады.

– Референдум барысында заң талаптарының қатаң сақталуы аса маңызды. Учаскелік комиссия мүшелерінің дайындығы қандай?

– Референдумды ұйымдастыру мен өткізу барысында заң талаптарының сақталуы – комиссиялардың негізгі міндетінің бірі. Осыған байланысты облыста учаскелік референдум комиссияларының мүшелерін даярлауға ерекше көңіл бөлінді.

Облыс бойынша референдумды ұйымдастыруға аумақтық және учаскелік комиссияларды қоса алғанда 651 комиссия, оның құра-

мында 4 мыңнан астам комиссия мүшесі тартылған. Мүшелердің 86,8%-ы бұрын сайлау немесе референдум науқандарында жұмыс тәжірибесіне ие.

Комиссия мүшелерінің кәсіби даярлығын арттыру мақсатында облыста арнайы оқыту семинарлары, тренингтер және әдістемелік кенестер ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралар барысында комиссия мүшелеріне дауыс беруді ұйымдастыру тәртібі, тізімдерімен жұмыс жүргізу, дауыс беру күні учаскенің жұмысын ұйымдастыру, сондай-ақ, дауыстарды санау рәсімдерінің заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы жан-жақты түсіндірілді.

Оқыту барысында Қазақстан Республикасының «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңы мен Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңы нормаларын дұрыс қолдануға баса назар аударылды. Бұл бөлек, комиссия мүшелері үшін әдістемелік материалдар әзірленіп, онлайн форматтағы оқыту элементтері мен тестілеу ұйымдастырылды.

Бұл жұмыстардың барлығы референдум күні дауыс беру процесінің заң талаптарына толық сәйкес, ашық әрі ұйымдасқан түрде өтуін қамтамасыз етуге бағытталған.

– Байқаушылар мен шетелдік сарапшылардың келуі жоспарда бар ма?

– Референдумның ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында байқаушылар институтына ерекше мән беріледі.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес референдумға байқаушылар ретінде қоғамдық бірлестіктердің және саяси партиялардың өкілдері, сондай-ақ, шетелдік мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары қатыса алады.

Облыс аумағында қоғамдық ұйымдардан бірқатар байқаушылар аккредиттелген. Бұған дейін облыстық комиссия тарапынан 17 қоғамдық ұйым аккредиттелген.

Референдум күні қоғамдық ұйымдардың байқаушылары жұмыс істейді деп күтілуде. Сонымен қатар, республикалық деңгейде аккредиттелген халықаралық байқаушылар мен шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері де өңірдегі учаскелерге келуі мүмкін.

Байқаушылардың қызметі заңнама талаптарына сәйкес ұйымдастырылады. Оларға дауыс беру процесін, бюллетеньдерді санау рәсімін және комиссиялардың жұмысын бақылауға мүмкіндік беріледі. Бұл – референдумның ашық әрі әділ өтуін қамтамасыз



өтетін маңызды тетіктердің бірі.

– Кейде сайлау кезінде орын алатын түрлі ақпараттық алып-қашпа әңгімелердің алдын алу үшін қандай түсіндіру жұмыстары жүргізілуде?

– Ақпараттық кеңістікте түрлі алыпқашпа әңгімелер мен нақты емес мәліметтердің таралуы мүмкін. Сондықтан, азаматтарды дұрыс әрі уақытылы ақпаратпен қамтамасыз ету – референдумды ұйымдастырудағы маңызды бағыттың бірі.

Осы мақсатта облыста кең көлемде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары белсенді. Бұқаралық ақпарат құралдары, ресми интернет-ресурстар және әлеуметтік желілер арқылы референдумның құқықтық негіздері, дауыс беру тәртібі және азаматтардың құқықтары туралы түсіндірме материалдар тұрақты түрде жарияланып келеді.

Бүгінде 515 баннер, 80 мың плакат, 757 мыңнан астам жеке шақыру қағазы, теледидар, радио, LED экрандар арқылы хабарландыру жүргізілуде. Интернет пен әлеуметтік желілерде тұрақты ақпараттық материалдар жариялануда.

Сонымен бірге, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, аймақтық қала, аудандарында ақпараттық баннерлер мен көрнекі материалдар орналастырылды. Азаматтарға арналған түсіндіру жұмыстары тыңғылдық. Бұл шаралар азаматтардың референдум туралы толық әрі сенімді ақпарат алуына мүмкіндік береді.

– Референдум күні қауіпсіздік мәселесіне де ерекше мән беріледі. Бұл бағытта құқық қорғау органдарымен қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқықтық тәртіпті сақтау мәселесіне ерекше назар аударылады. Бұл бағыттағы жұмыстар жергілікті атқарушы органдармен және құқық қорғау

органдарымен тығыз өзара іс-қимыл арқылы жүзеге асырылады.

Дауыс беру күні барлық референдум учаскелерінде қоғамдық тәртіпті сақтау үшін құқық қорғау органдарының қызметкерлері кезекшілік атқарады. Сонымен қатар, учаскелердің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, азаматтардың еркін әрі қауіпсіз жағдайда дауыс беруіне жағдай жасау мақсатында тиісті ұйымдастырушылық шаралар қабылданған.

Бұл ретте құқық қорғау органдарының негізгі міндеті – қоғамдық тәртіпті сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және референдум процесінің заң талаптарына сәйкес өтуіне қажетті жағдай жасау.

Сонымен бірге, комиссиялардың жұмысына араласуға жол берілмейді. Өйткені, дауыс беру процесін ұйымдастыру және өткізу мәселелері тек референдум комиссияларының құзыретіне жатады.

– Биылғы референдумның ұйымдастырылуы бұрынғы сайлау науқандарынан қандай ерекшеліктерімен өзгеше болады?

– Референдум – бұл азаматтардың мемлекет өміріндегі аса маңызды мәселелер бойынша тікелей өз еркін білдіру нысаны. Референдумның сайлау науқандарынан басты айырмашылығы – азаматтар белгілі бір кандидаттарға немесе саяси партияларға емес, мемлекет үшін маңызды мәселелер бойынша өз еркін тікелей білдіреді. Яғни, бұл – халықтың ерік-жігерін тікелей білдірудің конституциялық нысандарының бірі.

Ұйымдастыру тұрғысынан алғанда референдум өткізу кезінде де сайлау процесінде қолданылатын негізгі қағидаттар сақталады. Атап айтқанда, дауыс беру жалпыға бірдей, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде, жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі. Сондай-ақ, дауыс беру учаскелерінің жұмысы, комиссиялардың қызметі, байқаушылардың қатысуы және дауыстарды санау

рәсімдері заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

– Жастар мен бірінші рет дауыс беретін азаматтарды тарту бағытында қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Жастарды, әсіресе, алғаш рет дауыс беретін азаматтарды қоғамдық-саяси процестерге тарту – сайлау органдары жұмысының маңызды бағыттарының бірі. Себебі, жастардың азаматтық белсенділігі мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру елдегі демократиялық институттардың дамуына тікелей ықпал етеді.

Облыс бойынша биыл 13 мыңнан астам 18 жастағы азамат алғаш рет дауыс беру құқығына ие болып отыр. Сол себепті, бұл санаттағы жастарды ақпараттандыру мен олардың референдумға қатысу белсенділігін арттыру бағытында арнайы жұмыстар жүргізілуде.

Нақтырақ айтсақ, облыстың қала, аудандарында аумақтық сайлау комиссияларының жанынан 14 «Жас сайлаушылар» клубы құрылған. Бұл клубтарда шамамен 300-ге жуық жас белсенді түрде іс-шараларға қатысады. Клубтардың негізгі мақсаты – жастардың электоралдық және құқықтық мәдениетін арттыру, оларды сайлау процесінің маңыздылығымен таныстыру және азаматтық белсенділігін дамыту.

Клубтар аясында түрлі кездесулер, семинарлар, пікірталастар және танымдық іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Мұндай бастамалар жастардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына, сондай-ақ, олардың сайлау және референдум сияқты маңызды саяси процестерге деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Жалпы, жастардың азаматтық белсенділігін арттыру – қоғамның демократиялық дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі. Сондықтан да, жастардың референдумға белсенді қатысуына сенім білдіреміз.

– Сөз соңында қарағандылық сайлаушыларға не айтар едіңіз?

– Референдум – әр азаматтың мемлекет өміріндегі маңызды шешім қабылдауға қатысу мүмкіндігі. Облыс тұрғындарының 15 наурыз күні референдумға қатысып, өз азаматтық ұстанымын білдіруге шақырамын. Бұл – еліміздің болашағына бейжай қарамайтын әрбір азамат үшін маңызды қадам.

– Уақыт тауып, тұшымды әңгіме өрбіткеніңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан  
Жәлел ШАЛҚАР  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Конституция: мәтіннен – механизмге


Конституция – жай ғана заң емес. Ол мемлекеттің болмыс-бітімі, биліктің шегі, әр азаматтың қалқаны. Оған енгізілген әр өзгеріс – ел ертеңіне қойылған құқықтық қолтаңба. Әлбетте, конституциялық реформа қоғамды бейжай қалдырған жоқ. Біреулер оны жаңа дәуірдің парағы десе, енді бірі құрғақ жанарту деп қабылдады. Бірақ, кез келген өзгерісті бағалаудың бір ғана өлшемі бар: ол – қатардағы адамның құқығы қаншалықты нығайтындығында.

Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәселен, 2023 жылы Конституциялық Сот құрылды. Содан бері қарапайым бұқара өз мұңын тікелей айтуға мүмкіндік алды. Бұл – заң үстемдігіне жасалған нық қадам. Егер қабылданған заң Конституцияға қайшы келсе, оны тексеріп, тезге салуға жол ашылды.

Одан бөлек, елімізде адам – ең қымбат қазына. Өлім жазасының біржола келмеске кетуі – осы ізгіліктің құқықтық бедері. Бірақ, құқық тек жарияланып қана қоймай, қорғалуы тиіс. Егер азамат өз құқығын қорғайтын нақты тетікке ие болса ғана, Конституция «тірі құжатқа» айналады.

Конституцияны тек билік орындайды деп ойлау жаңсақ пікір. Құқықтық мемлекет болу азаматтардың құқықтық сауаттылығына да байланысты. Өз құқығын білмеген қоғам реформаның нәтижесін сезінбейді. Реформа қағазда басталғанымен, ол санада жалғасуы тиіс.



құқықтық баға беруге тиіс.

Қазақстан Республикасы Конституциясында адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайтыны, ешкімнің азаптауға, қатыгез немесе ар-намысты қорлайтын жазаға тартылмайтыны нақты бекітілген. Ал, жаңа нұсқаның 17-бабында «Өмір сүру құқығы – әр адамның абсолютті және ажырамас құқығы. Ешкімнің өз бетімен адам өмірін киноға құқығы жоқ» деп келтірілген.

Яғни Конституция – тек айыпталушыны қорғайтын құрал емес, ол мемлекеттік орган үшін

де құқықтық шекара. Бірақ, бұл шекара азамат талап еткенде ғана нақты көрінеді. Мұндай жағдайда Конституция формалды мәтін емес, нақты қорғаныс механизміне айналады.

Сондықтан, реформаның шынайы нәтижесі тек билік институттарының өзгеруімен өлшенбейді. Ол азаматтың өз құқығын білуімен, талап ету алуымен, заң үстемдігін қорғауға дайын болуымен өлшенеді. Құқықтық мемлекет – биліктің еркімен емес, қоғамның құқықтық санасымен орнығады.

## Талғамның тарихи мүмкіндігі

2026 жылғы 15 наурызда еліміз үшін тарихи маңызды зор шешім қабылданды. Бұл күні қазақстандықтар республикалық референдум арқылы жаңа Конституция жобасына қатысты өз таңдауын жасайды. Меніңше, бұл – жай ғана саяси рәсім емес, елдің болашағын айқындайтын жауапты қадам.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 15 наурызда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойып, бұл бастаманы бүкілхалықтық талқылауға ұсынды. Бұл шешімнің өзі халық пікіріне басымдық берілетінін көрсетеді. Мемлекет тағдырын айқындайтын мәселені тікелей азаматтардың дауыс беруіне шығару – демократиялық ұстанымның айқын көрінісі.

Қолданыстағы Қазақстан Конституциясының Конституциясына тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде қабылданып, елдің құқықтық іреттасын қалады. Алайда, уақыт өзгереді, қоғам жаңарады, талаптар күшейеді. Сондықтан, жаңа тарихи кезеңде Конституцияны жетілдіру – заңды әрі қажетті қадам. Ұсынылып отырған жаңа редакция билік тармақтарының өзара тепе-теңдігін күшейтуге, азаматтардың құқықтық кепілдіктерін арттыруға және мемлекеттік басқарудың тиімділігін

қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл – мемлекеттің дамуының заңды жалғасы. Референдумның басты ерекшелігі әрбір азаматтың ел тағдырына тікелей ықпал ету мүмкіндігі. Әр дауыс – маңызды. Әрбір «иә» немесе «жоқ» деген таңдау – болашаққа берілген баға.

Бұл бастама қоғам мен мемлекет арасындағы сенімді нығайтады. Азаматтар өздерінің шешім қабылдау процесіне қатысуының сезінеді. Соңғы жылдары елімізде ауқымды саяси реформалар жүзеге асырылып келеді. Президенттік өкілеттіктің шектелуі, Парламент рөлінің артуы, жергілікті өзін-өзі басқару функцияларының күшейіп, мұның барлығы саяси жүйенің жаңаруына бағытталған. Жаңа Конституция осы өзгерістерді жүйелеп, институционалдық тұрғыдан бекітеді. Бұл мемлекет басқарудағы ашықтықты арттырып, жауапкершілік деңгейін күшейтеді деп сенемін.

# Отбасы мәртебесі: дәстүрлі модель және заманауи құқық



ЖАҢА  
КОНСТИТУЦИЯ

Мұқым қазақ үшін отбасы – бір ауыз сөзбен қасиетті қара шаңырақ деп айтылады да, тұтас ғұмырдың өзегіне балаңады. Талбесіктен басталған тірнекті тәрбие, атадан балаға жалғасқан аманат, ананың әлді мен әкенің өнегесі – Ұлы Дала заны. Сол құндылықтар қағаз жүзінде де, құқықтық тұрғыдан да айшықталып, Ата Заң деңгейінде нақтыланбақ. Мұны қоғамның тамырына үйілу, ұлттық болмыстың өзегін қайта таразылау деп қабылдамақ ләзім. Конституция жобасы отбасы ұғымын әлеуметтік институт ретінде де, мемлекет тұрақтылығының тірегі, ұлт бірлігінің өзегі ретінде де пайымдайды. Сондықтан, отбасы туралы әрбір бап – ұрпақ тағдырына әсер ететін кастерлі өлшем.

ERKANAT KENESBEKULY,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан Республикасының Конституция жобасы – әрдайым зерттеуге тұрарлық құндылық құжат. Сөзімізді тиянақтай түсейік. Мысалы үшін, мемлекеттің унитарлығы, адам құқықтары, билік тармақтарының теңгерімі сияқты мәні терең мәселелерге басымдық берілгенімен, отбасы құндылықтарына арналған бірқатар баптар мәнмұндалап, ерекше көзге түседі. Мұнда отбасы – қоғамның негізгі ұясы ретінде қарастырылып, оның қорғалуы мемлекеттің міндеті деп жарияланды.

Оймызды әрмен қарай сабақтайық. Конституция жобасының отбасыға қатысты ережелерін саралап, тәуелсіздік алғаннан бергі конституциялармен – 1993 жылғы және 1995 жылғы (қазіргі қолданыстағы, 2022 жылғы өзгерістермен) – салыстырмалы негізде зер салып көрейік. Әрі салыстыру-салғастыру барысында Қазақстан Республикасы конституциялық эволюциясындағы отбасының рөлі қалай, қаншалық өзгергенін аңдап көрмекпіз.

Конституция жобасындағы отбасы құндылығы дегенімізде, дәстүрлі ренктің айтарлықтай күшеюін атап өтеміз. Бүгіннен біраз бұрын Конституция жобасының преамбуласында «Біртұтас Қазақстан халқы» дейтін тұғырлы идеясы да басымы. Ол заңды да. Бірақ, отбасы ұғымы тікелей атала қоймайды. Ал, II бөлімдегі «Негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер» тарауында от-

басы құндылықтарына арнайы мән берілген. 30-бап – таңдаулы тақырыптың негізгі тұғыры деп белгілеуге болатындай. Мұнда: «Неке және отбасы, ана, әке мен бала мемлекет қорғауында болады» деп тайға таңба басқандай жазылды. Бұл – отбасының мемлекеттік қорғаудағы рөлін анықтайтын ерек ереже.

Конституция жобасындағы неке ұғымының анықтамасы былайша таңбаланған. «Неке – еркек пен әйелдің мемлекет заңға сәйкес тіркелген ерікті және тең құқықты одағы». Тұжырымдама отбасының дәстүрлі моделін бекіте тұрып, гендерлік рөлдерді (еркек пен әйел) нақтылап, оны мемлекеттік деңгейде баса белгілейді. Сондай-ақ, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу құқығы мен міндеті, ал, еңбекке қабілетті балалардың ата-аналарға қамқорлық жасау міндеті айдан анық көрсетілген. Демек, жаңа жобада – отбасылық жауапкершіліктің өзара байланысы күшейтілді. Және бір назар аударарлық акцент – 21-бапта: «Жеке өмірге қол сұқпау құқығына, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына... кепілдік беріледі» делінген. Яғни, отбасылық құпия мемлекеттік қорғауға алынғаны, жеке өмірдің құпиялығын отбасы деңгейінде кеңейте түседі.

Жалпы, жаңа жобада отбасы – қоғамдық тұрақтылықтың негізі ретінде көрінеді. Ол дәстүрлі құндылықтарды (еркек-әйел одағы, ұрпақтар сабақтастығы) алдыңғы шепке шығарып, мемлекеттің «әлеуметтік мемлекет» ретіндегі сипатын (1-бап)



Коллаж жасаған Айбек Рахымжан

анықтайды. Осындай ерекше екпіндер қатары қазақияның тарихи-мәдени мұрасын сақтау идеясымен байланыстырып, (преамбула), отбасының ұлттық бірліктің элементі ретінде позициялайды.

Қазақстанның конституциялық тарихында отбасы құндылығы әрқашан маңызды болғанымен, уақыт өте Ата Заңдағы ұғым қолданысы өзгеріске ұшырап келді. Мәселен, 1993 жылғы Конституция (тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы) – өтпелі кезеңнің бас құжаты болды. Ондағы 32-бапта: «Отбасы, ана мен бала мемлекеттің қорғауында. Неке ерлі-зайыптылардың ерікті келісімі мен тең құқығына негізделген» деп жазылыпты әуел баста.

Мұнда отбасы мемлекеттік қорғауда екендігі берделеніп, ессенің неке ұғымы гендерлік тұрғыдан нақтыланбаған. Тек ерікті және тең құқықты деп көрсетілген. Балалар тәрбиесі ата-аналардың құқығы мен міндеті ретінде аталған. Бірақ, ұрпақ жа-

уапкершілігі (балалардың ата-аналарға қамқорлығы) толыққанды негізделмеді. Аталған нұсқа кеңестік мұрадан (отбасы қоғамның негізі ретінде) ауысуы ныспылағанымен, нақтылауларға кенде екендігі қазір қылаңытады.

1995 жылғы Конституция (қазіргі қолданыстағы, 2022 жылғы өзгерістермен) – тұрақтылықтың негізгі құжаты. 27-бапта: «1. Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. 2. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті. 3. Кәметке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті» деп жазылды. Отбасы мемлекеттік қорғауда, ана мен әке рөлі теңестірілген, ұрпақтар жауапкершілігі енгізілген. Бірақ, неке ұғымы анықталмай қосалқы заңға сілтеме жасайды. Гендерлік аспект берілгеннен кейін ғана ескі жолды отбасыға қатысты өзгеріс жоқ. Ессенің жалпы адам құқықтары

күшейтілген (мысалы, жеке өмір құпиясы).

Енді салыстыралық, салғастыралық. Конституция жобасында неке ұғымы «еркек пен әйелдің одағы» деп нақтыланған. Мұндай екпін 1993 және 1995 Конституцияда атымен жоқ. Яғни, дәстүрлі отбасы моделін конституциялық деңгейде бекіту, жаһандық трендтерге (ЛГБТ және сол тәріздес құқықтар легі) қарсы реакция ретінде түспалдатын бек мүмкін. Сабақтастығына тоқталсақ, төл тарихымыздағы барлық Конституцияларда отбасы мемлекеттік қорғауда, ата-аналардың тәрбие міндеті ортақ. Бірақ, Конституция жобасында ұрпақ жауапкершілігі (балалардың ата-аналарға қамқорлығы) 1995 жылғы Конституциядан алынғанымен, мейлінше толықтырылған.

Отбасы құпиясы (21-бап) – 1995 жылғы Конституцияда жеке өмір құқығына (18-бап) дамыған, бірақ отбасына арнайы екпін түсіріледі. Бұл – цифрлық дәуірдегі жеке деректер қорға-

уымен тікелей байланысты. Эволюция тұрғысынан, 1993 – өтпелі (кеңестік жүйеден ойысу), 1995 – тұрақты (жалпы құқықтар), ал, жаңа жоба – дәстүрлі құндылықтарды күшейту тұрғысында ерекшеленеді. Әсіресе, «Әділетті Қазақстан» идеясымен (преамбула) үйлеседі, отбасының ұлттық бірліктің тірегі етеді.

Иә, біз дария тақырыптың бір өзегін ғана сөз еттік. Отбасы – ұлттық тұрақтылықтың алтын кілті. Конституция жобасы отбасы құндылықтарын дәстүрлі және мемлекеттік қорғау тұрғысынан күшейтеді. Бұл алдыңғы конституциялармен теңшегенімізде сауытбұзар қалпымен одағайланып тұр. Өзгеше өзгерістер қоғамдық тұрақтылықты нығайтуға сеп. Қалай болғанда да, отбасының конституциялық рөлінің күшеюі – Қазақстанның ұлттық бірегейлігін сақтауға деген ұмтылысты жарқынырақ көрсетеді.

Ал, 15 наурыздағы референдум нәтижесі осы құтты өзгерістердің тек тағдырын ғана емес, ел дамуының келесі кемел келешегіндегі стратегиялық бағытын айқындайды. Референдум – мемлекет пен қоғам арасындағы сенім өлшемі, азаматтық жауапкершіліктің сындарлы сәті. Әр дауыс – болашаққа берілген баға, әр таңдау – ертеңгі күннің келбетін қалыптастыратын нақты шешім. Референдум арқылы қабылданатын өзгерістер экономикалық тұрақтылықты нығайтуға, әлеуметтік әділеттілікті күшейтуге, құқықтық тетіктерді жетілдіруге және мемлекеттік басқаруын тиімділігін арттыруға бағытталады. Сондықтан, бұл тарихи кезеңде бейжай қалу – өз болашағына немқұрайлы қараумен тең.

15 наурыз – елдік жауапкершіліктің биік белесі. Осы күні қаймана халық мемлекет дамуының жаңа парағын ашуға тікелей атсалысады. Таңдау таразысы әділдік пен тұрақтылыққа, жаңғыру мен сабақтастыққа бағытталауы тиіс.

## • ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

# Жезқазғанға желден жылдам жетеміз

Сонау 1970 жылдары салынған «Қарағанды-Жезқазған» тасжолы, екі аймақтың байланысын нығайтқан маңызды инфрақұрылым нысандарының біріне айналған еді. Кейін Жезқазған облысы құрылып, Жезқазған қаласы облыс орталығы мәртебесіне ие болған кезеңде бұл жол өңірдің экономикалық, әлеуметтік өмірінде айрықша рөл атқарды. Уақыт өте келе, Жезқазған облысы тартылып, оның аумағы Қарағанды облысының құрамына қайта қосылды. Сол тарихи өзгерістердің бәрине де осы тасжол үнісі күз. Содан бері жолға кезең-кезеңімен ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген болмаса, ауқымды жаңғырту жасалмаған. Ал, биыл ұзындығы 457 шақырымды құрайтын дәл осы бағыттағы автожолға толықтай күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмек. Жоба аясында жол заманауи талаптарға сай жаңартылып, жаңа автобан салынады. Қазіргі уақытта осы жоба бойынша құрылыс жұмыстарына 500 миллиард тенге көлемінде қаржы қажет. Аталған бағыттағы 122 шақырымдық бөлігі – Қарағанды облысының аумағында. Бұл учаске Топар кентінен басталып, Жаңарқа ауданының шекарасына дейін.

ERBOL ERBOLAT,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Республикалық маңызы бар автомобиль жолдары желісін дамыту аясында «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы «Қызылорда-Жезқазған-Қарағанды-Павлодар-Успенка-РФ шекарасы» халықаралық көлік дәлізінің «Қарағанды-Жезқазған» учаскесін реконструкциялау жұмыстарын бастайды. Жобаны іске асыру 2026-2029 жылдарға жоспарланған. Қазіргі уақытта компания мамандары Топар кентінде көшпелі жұмыс сапарын өткізіп, жобаның негізгі бағыттары мен кезеңдерін таныстырды.

«Қарағанды-Жезқазған» автожол жобасы негізінен төрт учаскеге бөлінген. Оның екеуі – Қарағанды облысының аумағына тиесілі. Әрбір учаске бойынша жеке-жеке төрт мердігер компанияны анықталмақ. Құрылыс жұмыстарын бір мезгілде бастап, жобаны қысқа мерзімде аяқтау үшін осындай шешім қабылданған.

«Қарағанды-Жезқазған» автожолының реконструкциялау жобасын Халықаралық қайта құру және даму банкі мен Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі қарыз қаражаты есебінен қаржыландыру мақұлданды. Қазіргі уақытта банктер тарапынан тиісті келісімдер



алынғаннан кейін қаржылық ұсыныстар ашылып, конкурс қорытындылары шығарылмақ. Одан соң мердігер компаниямен келісімшартқа қол қою жоспарланып отыр. Конкурстық рәсімдер жобалау, құрылыс және пайдалану қағидатына негізделген тегіс бойынша жүргізілуде. Бұл тәсілге сәйкес мердігер ұйым алдымен жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлейді. Кейін нысанның құрылысын жүзеге асырып, пайдалануға береді, – деді «ҚазАвтоЖол» ҰҚ АҚ басқарма төрағасы Дархан Именашев.

Алдымен мердігер компаниялар анықталады. Одан кейін олар жобаның техникалық-экономикалық есебін ұсынып, жол төсемінің қандай материалмен жабылатынын айқындалады. Соған сәйкес жолдың бетон немесе асфальтбетонмен төселуі жөнінде түпкілікті шешім қабылданады. Айтпа кетейік, егер жол бетонмен салынатын болса, онда арнайы цемент пайдаланылады. Ал, мұндай цемент Қазақстанда небәрі үш зауытта ғана өндіріледі.

– Мердігер компания жобалау жұмыстарын да, құрылыс жұмыс-



тарын да өз күшімен жүзеге асырады. Сонымен қатар, пайдалануға берілгеннен кейін жолды күтіп-ұстау міндеті де жеті жыл бойы сол мердігердің жауапкершілігінде болады. Бұл тәсіл – жобалық құжаттарды әзірлеу мен құрылыс жұмыстары арасында уақыт жоғалтпай, жұмысты бірден бастауға үлкен мүмкіндік. Бірақ, қазіргі қолданыстағы жол сол күйі сақталады. Яғни, толық жөндеуден өткізіліп, бір бағыттағы екі жолақты қозғалысқа бейімделеді, – деді Дархан Именашев.

Алдымен, жаңа жолдың құрылысы басталады. Сол уақыт аралығында көлік қозғалысы бұрынғы жол арқылы жүзеге аса береді. Жаңа жол пайдалануға берілгеннен кейін ғана ескі жолды қайта жаңғырту жұмыстары қолға алынады.

– Жөндеу жұмыстары Топар кентінен басталады. Ал, Топардан Қарағандыға қарай жолды кеңейту жұмыстары жүргізіледі. Бұл учаскеде қосымша екі жолақты жол немесе жол өткелін салу

мәселесі әзірге нақты шешілген жоқ. Алдымен негізгі жөндеу жұмыстарын толық аяқтап алуымыз қажет. Одан кейін осы мәселеге жан-жақты қайта ораламыз. Құрылысқа қажетті топырақ пен тас мәселесі жергілікті әкімдікпен келісіліп, толық шешімін тапты, – деді Дархан Именашев.

Жобаға сәйкес құрылысқа қажетті топырақты 18 арнайы учаскеден алу жоспарланған. Ал, тас материалы Қарабас кенішінен жеткізілмек. Сонымен қатар, жолды кеңейту барысында жүргізілетін жару жұмыстары кезінде алынған тастар да құрылысқа пайдаланылатын болады.

«Қарағанды-Жезқазған» автожолы бойында барлығы 270 көпір мен жол айрығы қарастырылған. Бұдан бөлек, диаметрі 1,5 метр болатын 450-ден астам су өткізгіш құбыр орнату жоспарланып отыр. Мұның басты себебі – жолдың таулы-қыратты аймақтар арқылы өтуі. Көктемгі тасқын немесе дала сулары жолды шайып кетпеуі үшін су құбырлары жиі қолданылады. Сондай-ақ, әр

20 шақырым сайын мал мен ауыл шаруашылығы техникаларының қауіпсіз өтуіне арналған арнайы өткелдер салынамақ.

Ал, Топар кентінен Жаңарқа ауданының шекарасына дейінгі учаскеде алты көпір, 11 жол өткелі және 135 су өткізгіш құбыр салу жоспарланған. Сонымен қатар, жол бойында үш демалыс алаңы, жеті автобус аялдамасы және үш санитарлық-гигиеналық торап бой көтермек. Бұдан бөлек, құрылыс жұмыстары аясында 18 электр беру желісі қайта жаңартылатын болады.

– Қарағанды облысының аумағында жол құрылысына шамамен 80 миллион текше метр топырақ қажет деп жоспарланып отыр. Өйткені, бұл аймақта сай-салалы, қыратты жерлер көп кездеседі. Мұндай учаскелерде бір жерде жол төсемін төмендету қажет болса, енді бір тұста керісінше көтеріп салуға тура келеді. Жолдың жалпы ұзындығы айтарлықтай өзгермейді. Өйткені, жаңа жол қазіргі қолданыстағы жолға параллель жүргізіледі. Ең көп дегенде 20 шақырымға дейін ғана қысқаруы мүмкін. Жалпы, жобада айналма жол салу қарастырылмаған. Тек су өткізгіш құбырлар орнатылатын жекелеген учаскелерде ғана уақытша айналма жол салынуы ықтимал, – деді Дархан Серікулы.

Көптен күткен ел тілегі билік назарынан тыс қалмады. Екі аймақ арасын жалғайтын үлкен жол салып бермек. Дегенмен, ауылдағы жұрт құрылыс жұмыстары тезірек аяқтала деп үміттенеді. Өйткені, құрылыс жұмыстары жүріп жатқан жерде жүріп-тұру қиына соғатынын айтады. Ал, бұның бәрине тек уақыт қана төреші.

Суреттерді түсірген автор

# Кен барлау ісіндегі кемел жоба

(Соңы. Басы 1-бетте).

ГС2-50 форматындағы геологиялық түсірілім – жер қойнауын зерттеудің кешенді әдістерін қамтитын заманауи ғылыми бағдарлама. Оның аясында геологиялық картографиялау, геофизикалық және геохимиялық талдау, сондай-ақ, перспективалы кен орындарын анықтауға бағытталған кешенді барлау жұмыстары жүргізіледі. Тендессіз тәсіл пайдалы қазбалардың жаңа түрлерін анықтауға ғана емес, сонымен қатар, бұрын зерттелмеген аумақтардың геологиялық құрылымын тереңірек түсінуге жағдай жаратады.

Бажайлап келсек, мұндай ауқымды зерттеулер Қазақстанның табиғи ресурстық әлеуетін нақты бағалауға, инвестициялық тартымдылығын арттыруға және тау-кен металлургия саласының ұзақ мерзімді дамуына даңғыл жол ашады. Мұнымен бірге, жаңа кен орындарының ашылуы Қарағанды облысының да экономикасының дамуына, өндірістік инфрақұрылымның өрлеуіне өріс ашады. Осылайша, қолға алынған геологиялық түсірілім жобалары еліміздің минералдық-шикізат қорын жаңғыртуға, ғылыми-зерттеу әлеуетін күшейтуге әрі әрмен қарай ұлттық экономиканың стратегиялық салаларын тұрақты дамытуға бағытталған маңызды бастама болып отырғаны сөзсіз.

ГС2-50 бағдарламасы жер қойнауын зерттеудің заманауи ғылыми-технологиялық тәсілдерін кеңінен қолдануды көздейді. Атап айтқанда, бағдарлама аясында геофизикалық барлау, қашықтықтан зондтау, геохимиялық талдау секілді кешенді зерттеу әдістері пайдаланылады. Атап айтқанда, алынған мәліметтерді терең цифрлық өңдеу, геоаппараттық жүйелер арқылы талдау және үлкен деректерді біріктіре отырып модельдеу жұмыстары жүргізіледі. Осындай кешенді тәсіл геологиялық ақпараттың дәлдігі мен сапасын арттыра түседі. Түп нәтижесінде жер қойнауының құрылымы туралы жаңартылған әрі сенімді деректер қалыптасып, заманауи геологиялық карталар әзірленеді. Ал, карталар тек ғылыми құжат ғана емес, минералдық-шикізат ресурстарын тиімді игеруге арналған маңызды стратегиялық құралға айналады.

Байыпты бағдарлама шеңберінде жүргізілетін зерттеулер пайдалы қазбаларға негізгі учаскелерді анықтауға, бұрын жеткілікті зерттелмеген аумақтардың геологиялық әлеуетін бағалауға, жаңа кен орындарын ашу мүмкіндігін арттыруды көздейді.



Сурет ЖИИ

Мұның бәрі еліміздің минералдық-шикізат базасын нығайтып, тау-кен саласының ұзақ мерзімді дамуына және инвестициялық тартымдылығының өсуіне үлес қосады. Биыл аэрогеофизикалық және далалық жұмыстар, соның ішінде, геохимия, бұрғылау және арықтар қазу жоспарланған. Дала жұмыстары маусымның қорытындысы бойынша сынақталарға алдын ала зертханалық талдау жүргізілетін болады.

Болжамды ресурстарды нақтылай отырып, анықталған, бұрын белгілі кен аймақтары мен перспективалы алаңдарды мамандандырылған зерттеуге, сондай-ақ, болжамды ресурстарды сәйкестей отырып, кен алқаптарын бағалауға ерекше назар аударылады. Алынған нәтижелер егжей-тегжейлі іздеу, барлау жұмыстарын жүргізуге берік негіз болады. Геологиялық түсірілім Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Түркістан облыстарының, сондай-ақ, Абай, Ұлытау облыстарының аумақтарын қамтиды.

Осы бағыттағы жұмыстар – табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, геологиялық барлау саласын дамыту және жер қойнауын игеруге инвестициялар тарту үшін негіз қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі. Барлық жобаларды 2028 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда. Жалпы, үш жылдық кезеңде мем-

**ГС2-50 бағдарламасы жер қойнауын зерттеудің заманауи ғылыми-технологиялық тәсілдерін кеңінен қолдануды көздейді. Атап айтқанда, бағдарлама аясында геофизикалық барлау, қашықтықтан зондтау, геохимиялық талдау секілді кешенді зерттеу әдістері пайдаланылады.**

лекеттік геологиялық зерттеуге шамамен 240 млрд теңге немесе \$500 млн қарастырылған. Ілкімді іс-шараларды жүзеге асыру ел аумағын геологиялық зерделеу деңгейін арттыруға, одан әрі зерттеу үшін басымдық берілген учаскелерді анықтауға, Қазақстанның минералдық-шикізат базасын толықтыру үшін жағдайлар жасауға ықпал етеді.

Ал, Қарағанды облысында геологиялық барлау жұмыстары (ГБЖ) саласында соңғы айларда бірнеше маңызды жаңалықтар тіркелді. Оған алдымен Жосабай учаскесіндегі алтын қорының артуын жатқыза аламыз. «Самұрық-Қазына» қорының еншілес компаниялары іздеу-бағалау бұрғылау жұмыстарын жүргізіп, (7340 м) кен орнының 3D моделін жанартты.

Сайып келгенде, 8182,2 келі алтын (8,18 тонна) қоры расталды. 2026 жылға қосымша 8590 м бұрғылау жұмыстары жолға қойылды. Бұл соңғы кезеңде өңірдегі мемлекеттік компаниялар қол жеткізген ең елеулі нәтижелердің бірі. Ақтоғай

ауданындағы мыс кені бойынша ірі жоба да бар. Жеке Success Minerals Kazakhstan Ltd компаниясы 2025 жылдың қаңтарында барлау лицензиясын алған еді. Компания Ақтоғай ауданында 9,35 км² аумақта мыс кенін барлау жұмыстарын жүргізеді. Бұл учаске Аққұдық Шығыс және Аққұдық Батыс кен орындарын қамтиды. Жұмыстар 2026 жылдың көктем-жаз айларында басталып, 2030 жылдың соңына дейін жалғасады. Нәтижесінде геологиялық карталар жасалып, рудалы аймақтар анықталады және олар KazRC стандарты бойынша есептеледі.

Бұл жаңалықтар өңірде геологиялық барлау жұмыстарының қарқынды артып келе жатқанын көрсетеді. Мемлекет те, шетелдік инвесторлар да алтын, мыс және сирек металдар бойынша барлау жұмыстарын белсенді түрде күшейтіп жатыр. Баянды бастамалардың барлығы – Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айқындаған экономиканы әртараптандыру, минералдық-шикізат қорын ұлғайту, жер қойнау-

уын тиімді басқару жөніндегі мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі. Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес қолға алынған ауқымды геологиялық зерттеулер тек жаңа кен орындарын анықтаумен шектелмейді. Олар ғылыми әлеуетті нығайтып, заманауи технологияларды енгізуге, халықаралық инвестицияларды тартуға және өңірлердің өндірістік қуатын арттыру көзжиегін кеңейтеді. Әсіресе, минералдық ресурстарға бай Қарағанды өңірі үшін бұл бастамалар жаңа мүмкіндіктер ашып, тау-кен металлургия кешенінің тұрақты дамуына берік негіз қалайды. Жер қойнауын кешенді зерттеу – болашақ ұрпақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін стратегиялық қадам. Мемлекет басшысы жүктенген міндеттерді жүйелі түрде орындау арқылы Қазақстан табиғи ресурстарды тиімді әрі ғылыми негізде игеретін, минералдық әлеуетін әлемдік деңгейде таныта алатын қуатты индустриялық мемлекет ретінде жаңа даму белесіне көтерілері айdan жарық ақиқат.

# Серіктестік серпіні



(Соңы. Басы 1-бетте).

Қазіргі уақытта облыстағы колледждер 473 кәсіпорынмен әріптестік орнатқан. Дуальды оқыту жүйесі арқылы студенттер оқу барысында өндірістік ортада тәжірибе жинақтайды.

Жәйрем кен байыту комбинаты мамандармен жұмыс істеу қызметі бастығының орынбасары Айнагүл Шайхина өндіріс саласындағы кадр тапшылығына тоқталды.

– Біздің комбинатта кен байытушылар, металлургия, өндірісті автоматтандыру мамандары жетіспейді. Тау-кен саласының мамандары да қажет. Басты талабымыз – базалық білім. Тау-кен ісі химиядан басталады, әрі қарай есептеу, жоспарлау секілді күрделі үдерістер бар. Сол бағыттарды меңгеріп, дамуға дайын жастар керек, – деді ол.

Амина Абижанованың айтуынша, колледжде алған білімі қазіргі жұмысында өз жемісін беріп отыр.

– Теориялық білім мен тәжірибелік дағдылар кәсіпін қызметінде үлкен көмек көрсетті. Жұмысқа орналасу барысында айтарлықтай қиындықтар болмады, себебі алған білімім еңбек нарығында өз орнымды табуға мүмкіндік берді. IT мамандығын таңдау да жұмысым жеңілдеткен. Қазіргі таңда интернет сервистер мен цифрлық технологиялар қарқынды дамып жатқандықтан, бұл саладағы білім кәсіпін қалыптасуыма тікелей әсер етті. Түрлі бағдарламалармен еркін жұмыс

істеу күнделікті тапсырмаларды жылдам әрі тиімді орындауға көмектесті, – деді ол.

Сонымен қатар, бұл сала ең алдымен компьютерді еркін қолдана білуді талап ететінін атап өтті. Себебі, бүгінгі цифрлық дәуірде көптеген жұмыс процесстері мобильді қосымшалар мен компьютерлік бағдарламалар арқылы жүзеге асады.

Ол қазіргі таңда да ізденіс үстінде екенін айтты. Алған біліммен шектелмей, оны үнемі жетілдіріп, жаңа технологияларды меңгеру маңызды деп санайды. Колледжде алған біліміне оң бағасын беріп, болашақта студенттерге әлемдік деңгейде қолданылатын бағдарламаларды көбірек оқытса деген ұсынысын білдірді. Оның пікірінше, дамыған елдердің қатарына қосылу үшін IT мамандарын жан-жақты, заманауи құралдармен және терең біліммен даярлау қажет.

Колледждердегі білім беру бағдарламалары да еңбек нарығының талаптарына сәйкес жаңартылып отырады. Бүгінде жұмыс берушілердің қатысуымен 133 білім беру бағдарламасы әзірленген. Бұл бағдарламалар студенттердің кәсіби қызығарынын дамытуға және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар даярлауға бағытталған. Жастарды жұмысшы мамандықтарға қызықтыру мақсатында өңірде бірқатар жобалар жүзеге асырылып келеді. Мәселен, Теміртау жоғары политехникалық колледжінің базасында гидротехникалық құрылыс және мелиорация бойынша Құзыреттер орталығы ашылған.

Қарағанды техникалық-құрылыс колледжінде «Ақылды үй» зертханасы іске қосылса, Қарағанды тамақтандыру және сервис колледжінде студенттердің кәсіпкерлік және кәсіби дағдыларын дамыту мақсатында «Coffee Time» брендімен студенттік дәмхана жұмыс істейді.

Облыстың алты колледжі халықаралық аккредиттеуден өтіп, білім беру бағдарламаларының халықаралық талаптарға сәйкестігін растады. Өңір студенттері кәсіби шеберлік чемпионаттарына да белсенді қатысып келеді. «WorldSkills Kazakhstan – 2025» республикалық чемпионатында Қарағанды облысының құрамасы жалпыкомандалық есепте үшінші орын алып, 5 алтын, 7 күміс және 14 кәсіпбилік медальонын жеңіп алды. Бұдан бөлек, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін «Abilympics Karaganda» II өңірлік чемпионаты ұйымдастырылды. Халықаралық деңгейде де өңір студенттері жоғары нәтижелер көрсетуде. 2025 жылы Қытайдың Шэньчжэнь қаласында өткен WorldSkills China чемпионатында Қарағанды облысының студенті «Өнеркәсіптік дизайн» құзыреті бойынша бірінші орын алса, Абу-Дабиде өткен EmiratesSkills чемпионатында өңір студенті «Дәнекерлеу технологиялары» құзыреті бойынша күміс медаль иеленді.

Бұл бағыттағы жұмыстар туралы Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Инновациялық техно-

логиялар колледжінің директоры Нұрбибі Смағұлова да айтты.

– Қазіргі уақытта колледжіміз аймақтағы бірқатар кәсіпорындармен тығыз байланыс орнатқан. Біз өндіріс орындарымен меморандумдар мен келісімшарттар жасасып, студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуіне және болашақта жұмысқа орналасуына мүмкіндік жасап отырмыз. Сонымен қатар, кәсіпорын мамандары оқу процесіне қатысып, тәжірибелік сабақтар мен шеберлік сағаттарын өткізеді. Дуальды білім беру жүйесінің басты мақсаты – студенттердің теориялық білімін өндірістік тәжірибемен ұштастыру. Бұл жүйе студенттердің кәсіби деңгейін арттыруға үлкен мүмкіндік береді. Студенттер оқу барысында өндірістік ортаға бейімделіп, нақты жұмыс процесін меңгереді. Соның нәтижесінде олар еңбек нарығына дайын, тәжірибесі бар маман ретінде қалыптасады. Қазіргі уақытта техникалық және өндірістік бағыттағы мамандықтарға сұраныс жоғары. Атап айтқанда, ақпараттық технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік, логистика, электрмонтаж, дәнекерлеу, механика және өндірістік технологиялар салаларындағы мамандар аса қажет, – дейді ол.

Өндірістік тәжірибе оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылып, студенттер кәсіпорындарда тәжірибелі мамандардың жетекшілігінде жұмыс істейді. Кәсіпорын өкілдері оқу бағдарламаларын әзірлеу мен жаңартуға да қатысады. Колледж түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі жыл сайын артып келеді. Көптеген студенттер өндірістік тәжірибеден өткен кәсіпорындарда жұмысқа қабылданады. Алдағы уақытта техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін одан әрі дамыту жоспарланып отыр. Атап айтқанда, білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының талаптарына сәйкес жаңарту, жаңа оқу зертханаларын ашу, сондай-ақ, кәсіпорындармен серіктестікті нығайту көзделген.

Колледждер мен кәсіпорындар арасындағы тиімді ынтымақтастық студенттердің теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, білікті әрі бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға мүмкіндік береді. Бүгінде дуальды білім беру жүйесінің дамуы, өндірістік тәжірибенің кенеюі және жұмыс берушілердің оқу процесіне белсенді қатысуы жас мамандардың еңбек нарығына тез бейімделуіне көмек ашып отыр. Бұл өз кезегінде өңірдің кадрлық әлеуетін нығайтып, экономиканың тұрақты дамуына да оң әсерін тигізеді.

Суреттерді түсірген Жәнігелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БӘРЕКЕЛДІ!

## Жас экономистердің жарқын жетістігі

**9-11 (12) сынып оқушылары арасында өткен экономика және қаржы пәндері бойынша республикалық олимпиадада Қарағанды облысының намысын қорғаған Назарбаев Зияткерлік мектебінің үш оқушысы жүлделі орын иеленді. Нұрбақыт Сұлтан, Нұрбек Қалиев және Хакім Бекішев қола медальға қол жеткізіп, өңір абыройын республикалық деңгейде тағы бір мәрте дәлелдеді.**

Финалдық кезеңге еліміздің әр өңірінен 120-дан астам дарынды оқушы қатысты. Білім мен бәсеке тоғысқан зияткерлік додада қатысушылар экономикалық ойлау қабілетін, қаржылық сауаттылығын және аналитикалық білімін көрсетті. Қарағанды облысының намысын Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары қорғап, үздіктер қатарынан көрінді.

Олимпиаданың басты ерекшеліктерінің бірі – қатысушыларға қойылған талаптардың жоғары болуы. Байқауға қатысу үшін оқушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейі кемінде В1 деңгейінен төмен болмауы шарт ретінде белгіленген. Бұл талап халықаралық деңгейдегі білім стандарттарына сай дайындықты қажет ететінін аңғартады.

Зияткерлік сайыс екі турдан тұрды. Бірінші кезеңде қатысушылар экономика пәні бойынша 50 тестік сұраққа және үш ашық сұраққа жауап берді. Бұл кезеңде олардың теориялық білімдері мен логикалық ойлау қабілеті сыналды. Ал, екінші турда тапсырмалар қаржы тақырыбына арналды. Мұнда қатысушылар қаржы жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын, экономикалық есептеулерді және нақты жағдайларды талдау қабілеттерін көрсетті.

Олимпиаданың жүлдегерлерінің бірі, 11-сынып оқушысы Хакім Бекішев болашақта экономист болуды мақсат етеді. Оның айтуынша, бұл салаға қызығушылығы бірнеше жыл бұрын басталған.

– 10-сыныптан бастап экономиканы кітаптар мен әлеуметтік желілердің көмегімен өз бетімше оқи бастадым. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастыратын экономика және қаржы бойынша олимпиада туралы білгенде бірден қызығушылық танытып, республикалық кезеңге өтуді мақсат еттім. Бұған дейін экономика бойынша түрлі олимпиадаларға қатысқанмын. Бірақ мұндай деңгейдегі жарыста алғаш рет жүлделі орын алып отырмын. Жалпы сұрақтар аса күрделі болған жоқ, облыстық кезеңдегідей деңгейде болды, – дейді Хакім.

Тағы бір қола жүлдегер Нұрбақыт Сұлтан да олимпиаданың мазмұнды әрі жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті. Оның пікірінше, мұндай білім жарыстары жастардың кәсіби бағдарын айқындауға үлкен мүмкіндік береді.

– Экономика мен қаржы – шын мәнінде қызықты әрі сұранысқа ие сала. Сондықтан, мен осы пәндерді таңдадым. Олимпиада бағдарламасы өте мазмұнды болды және жарқын, есте қаларлық сәттерге толы өтті. Қатарластарымызбен бірге қатысу, білімімізді тексеру және зияткерлік бәсекеде бақ сынау әрқайсымызға өз мықты тұстарымызды көрсетуге мүмкіндік берді. Меніңше, жарысқа алдын ала дайындалып, күш салған қатысушылар тапсырмаларды орындау барысында ерекше қиындық көрген жоқ, – дейді Нұрбақыт.

Зияткерлік сайыстың қорытындысы бойынша 2026 жылы өтетін ІЕО – 2026 халықаралық экономика олимпиадасына қатысатын ұлттық құрама жасақталады. Бұл жарыс – әлемнің ең дарынды жас экономистерін біріктіретін беделді халықаралық білім додасы.

Бұл жетістік Қарағанды өңіріндегі білім беру сапасының жоғары екенін және жастардың экономика мен қаржы саласына деген қызығушылығы артып келе жатқанын көрсетеді. Осындай зияткерлік сайыстар оқушылардың теориялық білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың болашақ мамандығын таңдауға, экономикалық ойлау қабілетін дамытуға және халықаралық деңгейдегі білім бәсекесіне дайындалуына үлкен мүмкіндік береді. Қарағандылық жас зияткерлердің бұл жетістігі – өңір мектептерінің дарынды оқушыларды қолдау мен сапалы білім берудің нақты нәтижесі.

Өз тілімізден

# Жанам деген жүректерге от берген

Ауыл жастары – ел болашағының тірегі. Әрбір шалғай ауылда арман арқалаған, бірақ, өз кәсібін толық көрсетуге мүмкіндік іздеп жүрген талантты жастар баршылық. Олардың білім алып, кәсіби бағытта дамуына жол ашу – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі. Сол бағытта облыста алғаш рет бастау алған ауыл жастарының кәсіби, әлеуметтік және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған «Ұлт қазынасы» жобасы жаңа кезеңге өтеді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте жоба өкілдері мәлімдеді.



**Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба алғаш рет былтыр қыркүйек айында пилоттық негізде бастау алды. Негізгі мақсат – ауылдық жерлердегі талантты жастарды анықтау, олардың әлеуетін дамыту және білім алу мен кәсіби дамуға тең мүмкіндік жасау. Пилоттық кезеңнің нәтижесі жоғары ауыл жастары тарапынан жоғары қызығушылық бар екенін көрсетті.

Жоба аясында облыстың шалғай ауылдық елді мекендеріндегі жалынды жастармен бірнеше кездесу ұйымдастырылды. Кездесулер ашық диалог форматында өтіп, жастар өз ойларымен бөлісіп, түрлі салада табысқа жеткен мамандардан кеңес алды. Жобаның басты ерекшеліктерінің бірі – тәлімгерлік жүйе. Ашық іріктеу нәтижесінде білім беру,

кәсіпкерлік, медицина, мәдениет, мемлекеттік қызмет және басқа да салаларда еңбек ететін 25 пен 50 жас аралығындағы табысты мамандардан құралған тәлімгерлер жастарға тәлім береді, – деді жоба үйлестірушісі Азиза Құлметенова.

Азиза Есенқұлқызының мәлімдеуінше, жоба барысында тәлімгерлер өңірдің әртүрлі аудандарындағы ауылдарға барып, жастармен жалпы 30-дан астам көшпелі кездесу ұйымдастырды. Онда 1300-ден астам жас қамтылды. Кездесулердің нәтижесінде әрбір тәлімгер өзіне бірнеше шәкірт таңдап алып, олармен жеке жұмыс жүргізді. Соның аясында шеберлік сабақтары, тәжірибелік кездесулер, кеңестер мен түрлі кәсіби бағыттағы оқыту іс-шаралары ұйымдастырылды.

Брифинг барысында өткен жылғы менторлардың бірі, дәрі-

гер, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті қорының үш мәрте стипендия иегері және «Qaragandy Jastyry» сыйлығының лауреаты Аманжол Абдрахманов та жоба аясындағы жұмыс туралы пікір білдірді.

– Әр кездесуде ауыл жастары болашақ мамандықтары туралы көкейлеріндегі сауалдарын қойып, өз армандары мен мақсаттары жайлы еркін пікір алмасты. Біз де өз тарапымыздан аянып қалмадық. Тәжірибемізбен бөлісіп, олардың кәсіби бағыттарын айқындауға көмектестік. Әсіресе, медицина саласына қызығушылық танытқан жастар аз болған жоқ. Солардың ішінде дәрігер болуды армандайтын бір жас жігітпен жеке сөйлесіп, медициналық білім алу жолдары мен бұл мамандықтың жауапкершілігі туралы бар білгенімен бөлістім, – деді спикер.

Ал, режиссер және тәуелсіз

«DAT» театрының жетекшісі Дунай Еспаев жобадан менторларды іріктеу процесі айрықша форматта өткенін атап өтті. Оның айтуынша, өткен жылы менторларды таңдау арнайы онлайн-платформа арқылы жүргізілген.

– Үміткерлер туралы барлық ақпарат «Saryarqa Jastyry» арнайы платформасына орналастырылды. Ең бастысы, менторларды жастардың өзі таңдады. Дауыс беруге шамамен 7 мыңға жуық адам қатысты. Бұл жобаға деген қызығушылықтың жоғары екенін көрсетсе керек, – деді Дунай Еспаев.

Дунай Амандықұлы сондай-ақ, мәдениет пен өнер саласына қызығатын жастардың белсенді болғанын баса атап өтті. Оның айтуынша, кездесулер барысында көптеген жастар актерлік шеберлік, театр және шығармашылық мамандықтарға қатысты толыққанды ақпаратпен танысып, алдарына нақты межелі мақсат қойған.

Жоба тәлімгерлері өткен жылдың соңында облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденеймен кездесіп, атқарылған жұмыстар туралы баяндап, ұтымды ұсыныстарын ортаға салып, саралады. Кездесу барысында тәлімгерлік жүйесін күшейту, ауыл жастарына арналған жаңа оқыту форматтарын енгізу және қатысушыларды жеке сүйемелдеу тетіктерін дамыту мәселелері талқыланды.

Пилоттық кезеңнің нәтижелері мен қатысушылардың ұсыныстарын ескере отырып, 2026 жылы «Ұлт қазынасы» жобасы жаңартылған әрі кеңейтілген форматта жүзеге асырылады. Алдағы уақытта тәлімгерлік жүйе күшейтіліп, жастармен өткізілетін кездесулер саны артады. Сонымен қатар, қатысушыларға көрсетілетін жеке қолдау тетіктері кеңейтіледі.

Суретті түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

• ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

## Бизнесті қолдаудың жаңа мүмкіндіктері

Қарағанды облысының Кәсіпкерлер палатасында өңір кәсіпкерлері мен жастарға арналған мемлекеттік гранттық бағдарламалар таныстырылды. Кездесуде мемлекеттік органдар мен даму институттарының өкілдері 2026 жылға жоспарланған қаржылық қолдау тетіктері, қатысу талаптары және өтінім беру тәртібі туралы кеңінен түсіндірді.

**Салтанат ІПІЯШ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Семинар офлайн және онлайн форматта өтті. Конференция залына жиналған қатысушыларға Zoom платформасы арқылы қосылған кәсіпкерлер мен сала мамандары да қосылып, жалпы саны жүзден астам қатысты. Жиынды Қарағанды облысының Кәсіпкерлер палатасының шағын кәсіпкерлікті дамыту бөлімінің басшысы Меруерт Қасымова жүргізді. Оның айтуынша, бұл кездесу – жыл бойына жоспарланған түсіндіру жұмыстарының бастамасы.

– Біздің басты міндетіміз – кәсіпкерлердің мемлекеттік қолдау тетіктерін толық түсінуіне жағдай жасау. Бизнес иелері қолда бар бағдарламаларды, қаржылық мүмкіндіктер мен қатысу алгоритмін нақты білуі тиіс, – деді Меруерт Қасымова.

Семинардың алғашқы бөлігі жастар бастамаларын қолдауға арналды. Қарағанды облысының Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының бас маманы Ақжол Орысбаев жастар жобаларын қаржыландыруға арналған гранттар туралы ақпарат берді. Оның айтуынша, 14 пен 35 жас аралығындағы жастар ғылым, мәдениет, IT, медиа, бизнес және волонтерлік бағыттар бойынша жобаларын жүзеге асыру үшін 2 миллион теңгеге дейін грант ала алады. Өтінімдерді қабылдау 2026 жылдың үшінші тоқсанына жоспарланып отыр.

Жастар грантының ерекшелігі – бірқатар бағыттар бойынша қатысушыларға жеке кәсіпкер

ретінде тіркелу талап етілмейді. Бұл мектеп оқушылары мен студенттердің де өз жобаларын ұсынып, байқауға қатысуына мүмкіндік береді.

Кездесуде әлеуметтік осал санаттарға арналған мемлекеттік қайтарымсыз гранттар туралы да айтылды. Облыстың Еңбек мобильділігі орталығының өкілдері 2026 жылы мұндай гранттардың көлемі 1,7 миллион теңгеге дейін жететінін жеткізді. Бұл қаражатты құрал-жабдық сатып алуға, шикізат алуға немесе бизнес жүргізуге қажетті шығындарға жұмсауға болады.

Сондай-ақ, әлеуметтік кәсіпкерлерге арналған қолдау шаралары да талқыланды. Облыстың Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының өкілдері 2026 жылы әрқайсысы 5 миллион теңгеге дейінгі 26 грант бөледі жоспарлап отырғанын мәлімдеді. Бұл бағдарлама әлеуметтік кәсіпкерлік тізіліміне енгізілген субъектілерге және «Бір ауыл – бір өнім» жобасының финалистеріне бағытталған. Бағдарлама шарттарының бірі – жобаны кемінде 20 пайыз көлемінде тең қаржыландыру және жаңа жұмыс орындарын құру.

Кездесу барысында IT саласындағы стартаптарды қолдау мүмкіндіктері де таныстырылды. Tetragon Valley экожүйесінің басқарушы серіктесі Диана Салехова технологиялық жобаларды дамыту үшін гранттармен қатар инвесторлар тарту да маңызды екенін атап өтті.

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

## Балқаш туристік брендке айналады

Қарағанды қаласында өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Сапар Сатаев Балқаш қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы, жүзеге асып жатқан жобалар мен алдағы жоспарлар туралы жан-жақты баяндады. Брифинг барысында шаһар басшысы қаланың өндірісі, туристік әлеуеті, инфрақұрылымы мен әлеуметтік саласында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, журналистер сұрақтарына жауап берді.

**Нұрлос КӘРІМ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Балқаш экономикасының негізгі тірегі – өнеркәсіп саласы. Бүгінде қаладағы 21 ірі өндірістік кәсіпорында 10 мыңнан астам адам еңбек етеді. Өткен жылы өндіріс көлемі 1 триллион 90 млрд теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 105 пайызды құрады. Өндірістік әлеует жыл сайын артып келеді. Биыл бұл көрсеткішті 1 триллион 100 млрд теңгеге жеткізу жоспарланған. Инвестиция тарту бағытында да нәтижелі жұмыс жүргізілуде. 2025 жылы қала экономикасына 85 млрд теңге инвестиция құйылды. Ал, биыл бұл көлемді 115 млрд теңгеге дейін көбейту көзделіп отыр, – деді Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев.


Қала әкімінің айтуынша, Балқаш өңірінде ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлік те дамып келеді. Қала маңында 110 фермерлік және ауыл шаруашылық ұжымдары жұмыс істейді. Өткен жылы өндірілген өнім көлемі

3 млрд теңгеге жетіп, алдыңғы жылмен салыстырғанда өсім байқалды. Тұрғындарды қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында 31 ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі ұйымдастырылған. Жәрмеңке барысына 200 тоннадан астам ет, балық, сүт өнімдері мен жеміс-жидек сатылған. Сонымен қатар, екі әлеуметтік павильон ашылған.

Сондай-ақ, бөлшек сауда айналымы да өсім көрсетіп отыр. Былтыр сауда көлемі 47 млрд теңгеге жетсе, биыл оны 54 млрд теңгеге дейін ұлғайту жоспарлануда. Қала экономикасының серпінді дамуына шағын және орта кәсіпкерлік те елеулі үлес қосуда. Бүгінде Балқашта 5856 кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Бұл салада 11 мыңнан астам адам, яғни экономикалық белсенді халықтың шамамен 29 пайызы еңбек етуде. Мемлекеттік бағдарламалар аясында былтыр 1,4 млрд теңгеге 11 жоба субсидияланып, 444 млн теңгеге 9 жоба кепілдендірілген. Сауда және қызмет көрсету саласына 1,5 млрд теңге инвестиция тартылған 16 жоба іске асып, 40 жаңа жұмыс орны ашылған.

Спикер әсіресе, көл жағасындағы шаһар туристер жиі ат басын бұратын бағыттардың біріне айналып келе жатқандығын атап өтті.

– Балқаш өңірінің табиғаты мен көл жағалауы соңғы жылдары туристер үшін тартымды бағытқа айналып келеді. 2025 жылы қалада 96 орналастыру нысаны жұмыс істеп, оларда 2263 номер және 6382 төсек-орын ұсынылды. Өткен жылы қалаға келген туристер саны 170 мың адамға жетіп, бір жыл ішінде 40 пайызға артты. Ақшағыл жағажайында жыл сайын



өтетін «BalkhashTourfest» фестивалі де қаланың туристік брендіне айнала бастады. Өткен жылы бұл шараға 50 мыңнан астам адам қатысты, – деді спикер.

Шаһар басшысының мәлімдеуінше, қалада құрылыс жұмыстары да қарқын алған. Өткен жылы

құрылыс көлемі 99 млрд теңгеге жетіп, айтарлықтай өсім көрсетті. 45 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға беріліп, қосымша 94 пәтер сатып алынды. Нәтижесінде әлеуметтік осал топтағы 45 отбасы баспаналы болған. Биыл тағы үш тұрғын үйдің құрылысы аяқтала-

ды. Инженерлік инфрақұрылымды жаңарту жұмыстары да жүйелі жүргізілуде.

Қала келбетін көркейтіп, тазалық мәдениетін қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында ондаған сенбілік

ұйымдастырылып, мың тоннаға жуық қоқыс шығарылған. 4,8 мыңнан астам ағаш отырғызылып, қала аумағы көгалдандырылған.

Әлеуметтік салаға да басымдық берілді. Қала әкімі атап өткендей, медицина саласында да бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Қаладағы көпсалалы аурухана базасында әйелдер консультациясы мен мектептерде стоматологиялық кабинеттер ашылған. Жақын уақытта заманауи стоматологиялық орталық іске қосылмақшы. Сонымен қатар, аурухана жанынан ангиографиялық операциялық блок салынды. Балаларға арналған реабилитациялық орталық ашу жұмыстары жақын арада аяқталады.

Спорт саласында қала тұрғындарының 42 пайызы тұрақты түрде спортпен айналысады. Өткен жылы 100-ден астам бұқаралық спорттық шара өткізіліп, балқаштық спортшылар республикалық және облыстық жарыстарда 193 медаль иеленген. 2025 жылы қалада 900 орындық «Жайлы мектеп» пайдалануға берілген. Сонымен қоса, балалар мен жасөспірімдердің техникалық шығармашылық орталығы ашылып, онда ғылыми-техникалық бағыттағы үйірмелер жұмыс істеуде. Жастарды қолдау бағытында «Жасыл ел» бағдарламасына 250 жас қатысып, бірқатар жастар мемлекеттік гранттарға ие болған.

Баспасөз мәслихаты соңында Сапар Сатаев Балқаш қаласының дамуы тұрақты бақылауда екенін атап өтті.

Суреттерді түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

• ТАҒЫМ

# Халықтың Ғабдолласы

**Ақселеу СЕЙДІМБЕК,**  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор

Ғабдолла Әбдіқожаұлы Құлқыбаевтың фәни жалғанмен қош айтқысып, бақиға бет бұрғанына да қырық күн болды. Ажал шіркін бұл жолы да қапысын тауып, зорлығын асырып, шарасыз күйі кештіріп, жүректерге жара, көңілдерге нала салып кетті. Ат жалын тартып мінгелі ел үшін емешегі езіліп, жұрты үшін етек-жеңіні түрініп, тынымсыз тер төгуден гұмыр кешкен Ғабдолла өзі таңдаған жолдың аңсарлы биігіне енді самғап шығып, шапағаты мол нұрлы сәулесін төңірегі енді түсіре бастағанда, бағаналы бәйтеректей опырылып түскені өкінішті-ақ. Санан сенбейтін, жүрек төзбейтін хикмет. Шара жоқ, енді ол туралы өкілікті сөзінді өткен шақпен айту маңдайымызға жазылып отыр.

Тек қана адалдықтың бәйгесіне атын қосып, оза да, қалса да олжалы болып жүретін жер бетінде бір азамат болса, ол Ғабдолла еді. Туысы бөлек, табиғаты дегдар Ғабдолла қазақ зиялыларының көрнекі өкілі, шын мәніндегі келісті эталоны болатын. Бәлкім, ананың сүтінен, атаның күшінен дарылы ма екен, әлде киелі Сарыарқасы мен қасиетті Жанаарқасының топырағы желеп-жебеді ме екен, әйтеуір, Ғабдолланың тал бойындағы әмбебаптық пен арман-аңсарындағы өрелілік қандай ортада да оның еңсесін өзгеден асқатқатып көрсетуші еді. Сонысына сай ол елінің мұрат-мүддесі жолындағы істің кез келгенін ыстық жүреппен,

аса жоғары кәсіби біліктілікпен атқара білді. Әсіресе, Қазақстан медицинасының өресін биіктетіп, өрісін ұзартуға қосқан үлесі оны еліміздің ғылыми интеллигенциясының көш басына шығарды. Ғабдолла өзінің біртуар болмыс-бітіммен отандастарының бетке ұстар мақтанышы болса, сырт көз үшін қазақ ұлты мен Қазақстан ғылымының мерей-мәртебесін асқатқата танытатын тұлға бола білді.

Кез келген дарын иесі сияқты Ғабдолла да мейлінше өнімді еңбек етіп, гұмыры ұзақ істердің көшін бастай алды. Содан да болу керек, оның тікелей араласуымен атқарылған ғылыми жұмыстар Қазақстан медицинасын алыс-жақын шетелдерде танытып қана қойған жоқ, сол алыс-жақын шетел ғалымдары Қазақстандағы ғылыми ізденістермен санаса да бастап еді.

Ғабдолла өзінің жастық дәуренін өткізіп, асқақ армандарға тұрғы болған Қарағанды қаласын айрықша ыстық сезіммен әспеттеп отыратын. Бұл ортада қалыптасқан зиялылар қауымы мен ғылыми интеллигенцияға, өнерпаздар мен шығармашыл топтарға бір өзінің ырыс-несібесіндей мерейленіп, мағұрланып отырушы еді. Жай ғана сырт көз ретінде емес, Қарағандыдағы ең бір елеулі деген мәдени-рухани шаралардың жуан ортасында ұйытқы болып жүретін. Сөйленер сөздің шешені, басталар істің көсемі еді ғой.

«Атқан оқтай, шапқан аттай» зымыраған уақыттың жалғаны жармасып, тізгінін тежеген пенде баласы жоқ. Қазақ ғылымының даңқын әлемге танытып, өз дәуірінде қазақ зиялыларының көшін бастаған академик Ғабдолла Құлқыбаевтың өмірден озғанына да 20 жыл өте шығыпты. Біртуар тұлғаның асыл бейнесін жұрт жадында жаңғырту мақсатында ғалым туралы жазылған естеліктердің арасынан оқырман үшін де, Ғабдолла ағамызды құрмет тұтқан көзкөргендер үшін де жүрек тербеп, көңіл толқытар шертолғау болғандықтан, осы жазбаны таңдап алдық.

Кейіпкері де, естелік авторы да ортамызда жоқ. Ғұлама ғалым, тұғырлы тұлға жайлы үзегілес досы, мұраттас бауыры Алаштың Ақселеуінен асырып кім айта алар?! Естелік Ғабдолла Әбдіқожаұлының өмірден озғанына 40 күн толғанда жазылған жүрек сыры екен.

Қабыл алып, қос абыза деген сағаныштарыңызды басыңыздар, қадірлі оқырман! Марқұмдардың рухы шат болсын!

РЕДАКЦИЯДАН

Оның шамырқанбай іс бастаған, шабыттанбай тұяқ қимылдатқан кезі болған емес. Ол тындырған ұлан-ғайыр істерді ой көзімен шолғанда еріксіз қайран қаласың, емірене сүйсінесің, жан-жүрегің мақтанш сезіміне бөленеді, ел-жұрттың ертеңіне деген сенімді орныға түседі. Дәтке қуат, қайғыға сабыр берер бір қисын осы. Ғабдолланың жаны жәннатқа бет алғанымен, оның өлмес ойы мен өнегелі сөздері ақ қағаздың бетінде, көз көргендердің көкірегінде қалды. Ғабдолла өмір бойы халқына қалтқысыз қызмет етсе, енді сол халқы адал перзентін ардақтап-аялайтын кез келді.

Қазақта «Өліге деген құрмет тірілер үшін» деп келетін терең мәнді аталы сөз бар. Ендігі жерде Ғабдолладай азаматқа көрсетілер сый-құрметтің, ең алдымен, жер басып жүрген тірілерге шапағаты тиістінін сезіне білгеніміз абзал. Оның соңында ол тындырған, қол-көсір ғылыми еңбек, мол мұра қалды. Отызға тарта монография, төрт жүздей ғылыми мақалалар. Мұның сыртында толымды ғылыми жобалар мен идеялар бойынша соңынан ерген ізденушілердің



қалың легі бар. Осының бәрі – өзінің өміршең әлеуетін бір сәт тоқтатпастан тегеурінді әрекетке ұласса ганибет. Ол үшін ең алдымен Ғабдолла Әбдіқожаұлының рухы ұялаған Еңбек гигиенасы мен кәсіби аурулар ұлттық орталығынан Ғабдолланың ғылыми мұрасын зерттейтін және ілгері дамытатын бөлім құрылуы қажет-ақ. Мұның өзі, түптеп келгенде Ғабдолла үшін керек емес, Ғабдолланың тікелей басшылық жасауымен еңсесін тіктеген сол Ұлттық орталықтағы ғылыми жұмыстың ілгері дамып, өркен жаюы үшін керек. Осы орайда, Ғабдолла мұрасын зерттеп-тануды ғылыми тақырып етіп, өкшебасар шәкірттерінің біріне аманаттаса, үлгі-өнеге болар кісіліктің бір көрінісі сол болмақ. Ғабдолла өзінің соңғы деміне дейін барша қабілет-қарымын Ұлттық орталыққа сарп етсе, енді сол Ұлттық орталықтың ондағы азаматтардың Ғабдолланы ұлықтайтын кезі келді. Бұл ретте, Еңбек гигиенасы мен кәсіби аурулар ұлттық орталығын Ғабдолла Әбдіқожаұлы Құлқыбаевтың атымен атау жөнінде ұсыныс түсер болса, марқұмның ел үшін еткен еңбегі мен төккен терінің лайықты өтеуіндей іс болар еді. Мұның сыртында Қарағанды, Теміртау, Абай, Саран, Шахтинск қалаларынан, Жанаарқа ауданынан Ғабдоллаға көше аттарын, кітапхана мен мектеп атын берсе, тірілердің ұлағат тұтып, өнегелі шапағатын көретіні аян. Сонда көңілдің шері сейіліп, көкіректегі қайғы орта түсер еді.

СУРЕТТЕ: Ақселеу Сейдімбек пен Ғабдолла Құлқыбаев

• ТУРНИР

## «Әлия» командасы чемпион атанды

Балқаш қаласында қалалық спорт клубының оқытушысы-жаттықтырушысы Қанат Ордабаевтың ұстаздық қызметіне 10 жыл толуына және 60 жас мерейтойына орай 2011-2012 жылы туған қыздар арасында волейболдан республикалық турнир жоғары деңгейде өтті. Спорттық шараны ұйымдастыруға Балқаш қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі, Балқаш волейбол қауымдастығы, Қазақстан халық партиясы Балқаш қалалық филиалы, сондай-ақ, мерейтой иесінің әріптестері мен достары қолдау білдірді.

Нұрдо КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жас волейболшылардың басын қосқан бұл жарысқа Балқаш және Алматы қалаларынан, сондай-ақ, Ұлытау мен Қарағанды облыстарының командалары қатысып, барлығы 16 команда өзара мықтыны анықтады.

Турнирдің салтанатты ашылуында құрметті қонақтар мерейтой иесін құттықтап, оның жас спорт-

шыларды тәрбиелеудегі еңбегіне жоғары баға берді. Атап айтқанда, «Құлық Жалаңтөс-Танат баба» қоғамдық қорының төрағасы Мейірхан Тәтибеков, Балқаш қаласының Құрметті азаматы Елубай Баймағанбетов, «Қазақстан халық партиясы» Балқаш қалалық филиалының төрағасы Қаныш Ысқақ, сондай-ақ, әріптестері Қуандық Сәденов пен Сағынған Науанбаев құттықтау сөз сөйлеп, мерейтой иесіне ша-

пан жауып, шәкірттеріне ақшалай сыйлықтар табыс етті.

Жарыстың финалдық кезеңінде Алматы қаласының «Бейбарыс» командасы мен Балқаштың «Әлия» командасы кездесіп, тартысты ойында алаң иелері басымдық танытты. Нәтижесінде «Әлия» командасы турнирдің жеңімпазы атанып, көрермендердің зор қошеметіне бөленді.

Жеке шеберлігімен көзге түскен ойыншылар да арнайы но-

минациялармен марапатталды.

Жалпы командалық есепте Балқаш қаласының балалар және жасөспірімдер спорт мектебі «Женіске деген жігері үшін» арнайы номинациясымен IV орынды иеленіп, 20 мың теңге ақшалай сыйлыққа ие болды. III орынды Қарағанды қаласының «Болат» командасы алып, 50 мың теңгеммен марапатталды. II орын Алматы қаласының «Бейбарыс» командасына бұйырып, олар 70 мың теңге жүлдеге қол жеткізді. Ал, I орынды Балқаш қаласының «Әлия» командасы жеңіп алып, 100 мың теңге, кубоктар мен медальдарға иелік етті.

БАЛҚАШ

• ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

## Тілсіз жауды тізгіндеудің тың тәсілі

Облыстың төтенше жағдайлар департаментінде өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың кәсіби дайындық деңгейін арттыруға арналған жаңа жаттығу нысаны пайдалануға берілді. Арнайы оқу камерасы өрт кезіндегі ең қауіпті жағдайларды тәжірибе жүзінде пысықтауға мүмкіндік береді деп хабарлады департаменттің баспасөз қызметі.



Мамандардың айтуынша, жаңа кешенде қызметкерлер түгін басқан кеңістікте әрекет ету, жоғары температура жағдайында жұмыс істеу, ашық жалынмен және күшті жылу ағынымен күресу сияқты күрделі жағдайларға бейімделеді. Жаттығулар барысында құтқарушылар өрттің оршуін дұрыс бағалауды, сондай-ақ, жабық кеңістікте жалынмен тиімді жұмыс жүргізу тәсілдерін меңгереді.

Оқу камерасы теңіз контеинерінің негізінде жасалған. Оның ішкі құрылымы екі бөлікке бөлінген: бірі – жаттығу алаңы, екіншісі – техникалық аймақ. Камера ішінде өрт жағдайына барынша ұқсас орта қалыптастырылып, құтқарушылар шынайы жағдайға жақын ортада тәжірибе жинақтай алады.

Өз тілімізден

Сурет облыстың ТЖ департаментінен

• БРИФИНГ

## Салғырттық сан соқтырады

Өңірде «Өрт қауіпсіздігі айлығы» үгіт-насихат және профилактикалық іс-шарасы өткен болатын. Акция аясында жергілікті атқарушы органдардың, еріктілер мен полиция қызметкерлерінің, халықты әлеуметтік қорғау саласы мамандарының қатысуымен 3890 тұрғын үй тексерілген. Нәтижесінде, 10 638 тұрғынға өрт қауіпсіздігі талаптары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, арнайы нұсқаулық берілген. Одан бөлек, 27 отбасының тұрғын үйлерінің мұржасы газартылып, төрт үйдің неші жөндеілді. Сонымен қатар, әлеуметтік осал топтар тұратын үйлерге – 53, жеке тұрғын үй секторындағы 198 баспанаға іс тиюдін алдын алу датчигі орнатылған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте облыстық төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік өрт бақылау басқармасы бастығының міндетін атқарушы, азаматтық қорғау майоры Құрмет Жүмекенов мәлімдеді.



Сурет ЖИ

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, акцияның негізгі мақсаты – тұрғын үй секторында өрттің алдын алу және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Әсіресе, іс-шара барысында газ қауіпсіздігі мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген. 15 автогаз құрамында профилактикалық

түсіндіру жұмыстарын жүргізу барысында көлемі 27 литрлік тұрмыстық газ баллонын заңсыз толтырудың бір дерегі анықталыпты.

Газ баллонды жабдықтарды пайдалану бақылауға алынып, газ-баллонды жабдықталған көліктерді белгіленбеген орындарға, соның ішінде, паркінг аумақтарына қоюға жол берілмейтініне ерекше назар аударылды.

Қарағанды және Теміртау қалаларының төтенше жағдайлар басқармалары Қарағанды өндірістік филиалы «Qazaqgaz Aіmaq» АҚ-пен бірлесіп, ай сайын тұрғын аумақтарын аралау кестесін бекітеді. Биылғы айлық мониторинг барысында 70 үй қамтылып, 110 тұрғынға нұсқаулық берілді, – деді Құрмет Жүмекенов.

Өңірде 39 мектепке дейінгі білім беру ұйымында өрт қауіпсіздігі талаптарын түсіндіруге бағытталған оқыту іс-шаралары өткізіліпті. Әрі 98 білім беру мекемесінде өрт туындаған жағдайда дұрыс іс-қимыл жасауға бағытталған оқу-жаттығулар ұйымдастырылған. Сондай-ақ, халықты барынша қамту және жедел өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында WhatsApp мессенджерінде арнайы профилактикалық чаттар құрылған. Қазіргі уақытта облыс аумағында төмен температуралық көрсеткіштер сақталуда. Осыған байланысты жылыту құрылғылары пайдалану қарқынды режимде жалғасып отыр.

– Аязды кезеңде өрт қауіпсіздігі шараларын қатаң сақтау қажет. Ақауы бар пешті, жылыту құрылғыларын пайдалануға болмайды. Мұржаларды уақытылы тазалап, қосулы электр жылыту құрылғыларын қараусыз қалдырмаған жөн. Ең бастысы, электр желілеріне шамадан тыс жүктеме түсірмеу қажет. Газ жабдықтарын пайдалану кезінде де қауіпсіздік талаптарын сақтаған жөн. Сондай-ақ, облыстық төтенше жағдайлар департаментінде өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша «Жедел желі» өз жұмысын бастады. Енді тұрғындар аталған байланыс арнасы арқылы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты кеңес алып, қажетті түсіндірме жұмыстарымен таныса алады, – деді Құрмет Рахметұлы.

Халықты барынша ақпараттандыру мақсатында коммуналдық қызмет көрсетуші ұйымдармен бірлесіп, тұрғындарға арналған бірыңғай төлем құжаттарына өрт қауіпсіздігі талаптары енгізілген. Сонымен қатар, кинотеатрларда фильм көрсетілімдерінің алдында, LED-экрандарда және мәдениет үйлерінде өрт қауіпсіздігіне қатысты арнайы бейнероликтер көрсетіліпті. Әрі білім бөлімдерімен бірлесіп, аталған бейнематериалдар жалпы білім беретін мектептердің ата-аналар чаттары арқылы таратылған. Себебі, қауіпсіздік – бәрінен маңызды.

• БӘРЕКЕЛДІ!

## Жеңіске жетелеген жігер


Спортта шектеу жоқ. Соңғы жылдар мұғдарында елімізде инклюзивті спортқа айрықша көңіл бөлініп келеді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар да байрақты бәсекелерде бақ сынап, өз мүмкіндіктерін дәлелдей бастады. Облыс әкімдігінің баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, аймақ намысын ту еткен жас спортшылар Астанада өткен «Жұлдызай» ұлттық қысқы инклюзивті ойындарында табысты өнер көрсетіп, 13 медальды қанжығалауы – соның жарқын дәлелі.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы жарыстың қысқы кезеңіне еліміздің 16 өңірінен 10-16 жас аралығындағы 225 бала қатысты. Қатысушылар шаңғы жарысы, паракөкпей және конькимен жүгіруден өзара бақ сынады.

Қарағанды облысының командасы конькимен жүгіру сайысында үшінші орынға ие болды. Өңірдің жас өрендері жеке есепте де жоғары нәтиже көрсетті. Жалпы есепте өңір құрамасының қоржынында 13 медаль бар. 4 алтын, 6 күміс және 3 қола. Жүлделердің ішінде үш күміс медаль конькимен жүгіруден, ал қалғандары шаңғы жарысынан. Догада облыс намысын №3, №4, №6 және №7 арнайы мектеп-интернаттарының тәрбиеленушілері қорғады.

– Конькимен жүгіру де, шаңғы тебу де біздің интернаттағы дене шынықтыру сабақтарының бағдарламасына кіреді. Бірақ, бір сабақ әрине, жеткіліксіз, сондықтан, балалармен қосымша жұмыс істейміз. Үйірмелер ұйымдастырып, демалыс күндері секцияларда жаттығамыз. Егер баланың әлеуеті жоғары екені байқалса, бірден онымен жеке жұмыс істеуге тырысамыз. «Жұлдызай» ойындарына біз жыл сайын қатысамыз. Бұған дейін



Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

көбіне жазғы спорт түрлерінде бақ сынап, жүлдегер атанғанбыз. Ал, қысқы дисциплиналардағы бұл алғашқы нәтижелеріміз және жаман емес деп ойлаймын, – деді №4 арнайы мектеп-интернаттың дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Ольга Гринцова.

Айта кету керек, «Жұлдызай» ұлттық инклюзивті ойындары елімізде он жылдан бері тұрақты түрде өткізіліп келеді. Дәстүр бойынша жарыс жылына екі рет – қысқы және жазғы кезеңдерде ұйымдастырылады. Бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға әртүрлі спорт түрлерінде өз қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік береді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, ойындардың басты мақсаты – ерекше қажеттіліктері бар балалардың спорт арқылы өзіне деген сенімін арттыру, сондай-ақ, қоғамда тең мүмкіндіктер мен инклюзивтілік қағидаларын насихаттау.

Аймақтың намысын желеу еткен жас спортшылар көрсеткен нәтиже өңірде инклюзивті спорттың жүйелі түрде дамып келе жатқанын аңғартады. Мұндай жарыстар балалардың спортқа қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың жаңа жетістіктерге ұмтылуына мүмкіндік береді.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• КЕЗДЕСУ

## Спорт ардагерлері бас қосты

Нүркен Әбдіров атындағы спорт сарайында ардагер спортшылар кеңесінің отырысы өтті. Жиында өңірдегі спорт саласының өзекті мәселелері талқыланып, бұқаралық және жасөспірімдер спортын дамыту бағытындағы ұсыныстар айтылды. Кеңеске өңірдің белгілі жаттықтырушылары, спорт ардагерлері және қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.



Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Күн тәртібінде спорт инфрақұрылымын дамыту, жастарды спортқа баулу және саладағы қоғамдық бастамаларды қолдау мәселелері қаралды.

Сондай-ақ, елде жүргізіліп жатқан конституциялық реформалар да назардан тыс қалмады. Қазақстан Халық партиясы Қарағанды облыстық филиалының басшысы Халел Максұтов реформалардың қоғам өміріндегі маңызына тоқталып, оның мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуға бағытталғанын атап өтті.

– Қазіргі конституциялық өзгерістер қоғамның барлық саласына әсер етеді. Бұл реформалар азаматтардың құқықтарын кеңейтіп, мемлекеттік институттардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Мұндай өзгерістер қоғамдық ұйымдардың да белсенділігін күшейтіп, азаматтық қоғамның дамуына жол ашады. Бұл өз кезегінде, спорт саласының дамуына да оң ықпал етіп, бұқаралық спортты қолдауға және жастарды саламатты өмір салтына тартуға жаңа мүмкіндіктер береді, – деді Халел Максұтов.

Жиында сөз алған еңбек сіңірген жаттықтырушы, Теміртау қаласы спорт қауымдастығы мен ардагерлер кеңесінің жетекшісі Кемелбек Сүйімбаев, спорт саласында жинақталған тәжірибені жастар тәрбиесіне бағыттаудың маңызын атап өтті.

– Бүгінде жастар спортын дамыту – ең басты міндеттердің бірі. Спорт тек нәтижеге жетудің ғана емес, жас буынды тәртіпке, еңбекқорлыққа тәрбиелейтін маңызды құрал. Сондықтан, өңірлерде балалар мен жасөспірімдер спорттына қолдау күшейе түсуі қажет, – деді Кемелбек Момынұлы.

Ал, жекпе-жек спорты бойынша еңбек сіңірген жаттықтырушы Сабиолла Әлкеев жастарды бұқаралық спортқа кеңінен тарту керектігін айтты. Сонымен қатар, спорттық инфрақұрылымды дамыту мен жаттықтырушылардың тәжірибесін тиімді пайдалану жас спортшылардың жаңа буынын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жиын барысында спорт ардагерлері саладағы бірқатар ұсыныстарын ортаға салып, жастар спортын дамытуға бағытталған бастамаларды қолдау қажеттігін айтты.

Сурет автордан

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

## Көшпелі өркениеттің символы

Қарағандыда ұлыстың ұлы күні қарсаңында төл мәдениетіміз жаңғыртылмақ. Осы мақсатта Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасында 16 наурыз күні түлнұсқаға барынша жақын киіз үй мәкетін құрастыру бойынша тегін шеберлік сабағы өтеді. Шеберлік сабағына кіру тегін.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облыстық Абай атындағы балалар кітапханасының директоры Баян Уатаева шараның ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту бағытындағы маңызы туралы оймен бөлісті.

– Шеберлік сабағы мәдени құндылықтарды насихаттау және өскелең ұрпақтың дүниетанымын кеңейту мақсатында ұйымдастырылып отыр. Көшпелілер мәдениеті әлемдік өркениеттердің озығы болды. Біз тарихымызбен мақтануымыз керек. Мақтануып қана қоймай, жас ұрпаққа насихаттауымыз тиіс. Шеберлік сы-

ныбының әуелгі мақсаты – осы, – деді кітапхана директоры.

Мамандардың айтуынша, кітапхана қорындағы қысқа уақытта құралатын «Киіз үй» этноконструкторы сұранысқа ие. Оны құрастыруға арналған шеберлік сабақтарына балалар да, ересектер де қызығушылықпен қатысады екен. Макет көшпелі халықтың дәстүрлі баспанасына барынша ұқсатып жасалған және киіз үй құрылысының негізгі элементтерінің барлығын камтиды.

Құрастыру барысында қатысушыларға киіз үйдің бөлік-

тері қалай бекітілетіні, олардың әрқайсысы қандай қызмет атқаратыны және көшпелі халықтың тіршілігінде қаншалықты маңызды болғаны туралы кеңінен түсіндірілді.

Кітапхана бұл этноконструкторды балаларға қазақ халқының ұлттық мәдениетін, дәстүрлерін және тарихи мұрасын таныстыруға бағытталған танымдық әрі білім беру іс-шараларын өткізу үшін арнайы сатып алған.

Шеберлік сабағына кез келген адам қатыса алады. Жасқа шектеу қойылмайды. Бір сабаққа 30 адамға дейін қатыса алады.

• ТУРНИР

## Жастар жаңалықты қолдайды

Қазақстан Халық партиясы, Қазақстан КВН Одағымен (Қарағанды филиалы) бірлесіп, Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Offline – Online: шынайы өмір мен әлеуметтік желілер арасындағы өмір» атты республикалық қыздар арасындағы «Жайдарман» турнирін өткізді.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Турнирге республиканың колледждері мен жоғары оқу орындарының қыздар командалары қатысты. Сонымен қатар, бұл шара креативті жастардың өзін-өзі дамытуына мүмкіндік жасап, студент қыздардың шығармашылық әлеуетін арттыруға және «Жайдарманды» заманауи медиа-кеңістікте өзін көрсету мен әлеуметтік қарым-қатынастың тиімді құралы ретінде насихаттауға бағытталды.

– Бүгін өткізіліп отырған шара – қыз балалар арасындағы республика-



лық «Жайдарман» ойыны. Бұл сайысқа еліміздің әр өңірінен келген 9 команда қатысты. Басты мақсат – жастарға референ-

думның мәні мен маңызын түсіндіру, жаңа Конституция жобасындағы өзгерістер туралы ақпарат беру және оның қоғамға,

әсіресе, жастарға қандай мүмкіндік әкелетінін жеткізу. Сонымен қатар, жастарды саяси науқанға белсенді қатысуға шақыру да маңызды міндеттердің бірі. «Жайдарманның» тақырыбы – «Offline – Online: кино әлемі». Бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев технологиялық дамуға ерекше мән беріп, жасанды интеллект бағытындағы жұмыстарды күшейтуді тапсырғаны белгілі. Бұл бағыт Ата Заңда да өз көрінісін табуда. XXI ғасыр жастарының бағыты қандай, олардың өмірге деген көзқарасы қалай қалыптасып жатыр, сондай-ақ, 15 наурызда өтетін референдумға қатысты пікірлері қандай – міне, осының барлығы бүгінгі басқосудың маңызды тақырыбының бірі болды. Бұл тек өнер көрсетумен ғана шектелмей, жастардың бағыт-бағдарын айқындап, олардың ой-пікірін ашық айтуына мүмкіндік беретін маңызды алаңға айналды, – деді Халел Максұтов.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай бастама әйелдердің қоғамдағы ролін қолдауға және қыздардың белсенділігін арттыруға бағытталған. Жаңа Конституцияда отбасылық құндылықтарға ерекше назар аударылғанын атап өтті.

Онда неке – ер мен әйелдің ерікті одағы екені нақты көрсетілген. Шараның басты мақсаттарының бірі – жастарды қолдау. Мұндай сахналық алаңдар жастарға өз ойын ашық айтып, шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік береді.

– Бұл іс-шара облысымызда алғаш рет өткізіліп отыр. Ерекшелігі – «Жайдарман» ойыны тек қыздар командаларының арасында ұйымдастырылуда. Аталған шара 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі аясында Қазақстан Халық партиясының қолдауымен өтуде. Мақсат – жаңа Конституцияға қатысты өзгерістерді жастарға түсіндіру, оның маңызын жеткізу және жастар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу, – деді Қарағанды «Жайдарман» лигасының редакторы Ержан Қалдымұрат.

Бағалау критерийлері ретінде материалдың креативтілігі мен бірегейлігі, тақырыпты әзіл арқылы ашу, сахна мәдениеті мен ойыншылардың артистизмі, командалық үйлесімділік, сондай-ақ, импровизация жасау және көрерменмен байланыс орнату қабілеті қарастырылды. Барлық командалар қатысқаны үшін дипломдармен марапатталды.

Сурет автордан

ORTALYQ  
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryaqsa Aqparat» ЖШС

Директор  
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары  
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары  
Галия Боранқұлы БАСТЕНОВА

Бас редактор  
Е.К. МҮСАБЕК

Бас редактордың орынбасары  
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы  
А.Ө. СОВЕТ

Жауапты хатшы  
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,

Приозерск: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нұра,  
Осакаров: 8-702-216-73-50

Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің

Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда

№ КЗ18ВРУ00030163 күнелігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 035

№27 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН